

*Адамға екі нәрсе тірек тегі:  
Бірі – тіл, бірі – ділің жүректегі.*  
**Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.**

# **ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ**

«Білім және  
Ғылым»  
жауапкершілігі  
шектеулі  
серіктестігінің  
ай сайын  
шығатын  
республикалық  
ғылыми -  
педагогикалық  
журналы

*Казахский язык и литература  
в русской школе*

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
БАСЫЛЫМ

2001 жылдың  
қаңтар айынан  
бастап шығады

**9/2014 ҚЫРКҮЙЕК**

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО–ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ  
ИЗДАНИЕ

---

---

## **АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

*Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан  
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Роза  
БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК, Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА,  
Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга  
МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия ОРАЗБАЕВА, Күлпәш  
САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.*

## МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

|  |   |
|--|---|
| <i>Мұғалімдерге көмек</i>                |   |
| Балжан ТОЙКЕНОВА.                        | Ойын технологиясын қолдану арқылы оқушылардың сөйлеу тілін арттыру.....3                      |
| Гүлнар ҚУРАҚОВА.                         | Қазақ тілі сабақтарында тіл дамытудың ерекшеліктері.....11                                    |
| Ғалимам ҚАМАЕВА.                         | Кітап конференциясы.....19  |
| <i>Туімді әдіс – баршаға ортақ</i>       |   |
| Анар ШУМБАЛОВА.                          | Сын тұрғысынан ойлау технологиясының «Кластер» әдісін қазақ әдебиеті сабағында қолдану.....25 |
| Рая БАЙЖАНОВА.                           | Тіл мен әдебиетті инновациялық технологиялар арқылы оқыту.....29                              |
| <i>В мире педагогики</i>                 |   |
| Анар СИДАГАЛИЕВА.                        | Языковые особенности деловой и и письменной речи.....40                                       |
| Айгул САПАРОВА.                          | Работа над морскими терминами на занятиях английского языка.....68                            |
| <i>Рухани дүниемізде</i>                 |   |
| Әлия ЖАРҚЫНБАЕВА.                        | Қазақстандық патриотизмнің негіздері мен қалыптастыру жолдары.....79                          |
| <i>Колледж кеңістігінде</i>              |   |
| Жанар ТІЛЕУҚАБЫЛҚЫЗЫ.                    | Қазақ халқының салт-дәстүрлері.....43   |
| Жазира ТАЙКЕНҚЫЗЫ.                       | Барлығынан ардақтысы – өмір.....56  |
| <i>Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті</i> |   |
| Алма БАЗАРБАЕВА.                         | Ілияс Жансүгіров. «Күйші».....87  |
| Күібала СЫҒАЕВА.                         | Қорқыт ата.....94   |
| <i>Әдістеме әлемінде: қазақ тілі</i>     |   |
| Зәуреш НҰРЫМОВА.                         | Сөздердің байланысу түрлерін қайталау.....100   |
| Гүлсара МӘМЕЛБАЕВА.                      | Тіл ұстартқан қорықтар.....105  |
| Айгүл МЫРЗАБЕКҚЫЗЫ.                      | Сөйлеу мәдениетінде – менің мектебім.....108  |
| Бибігүл ТӨЛЕГЕНОВА.                      | Сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілер. Үтір.....111  |
| Майра ЕЛІКБАЕВА.                         | Ауызекі сөйлеуге үйреткен жыл мезгілдері.....116  |
| <i>Білім негізі – бастауышта</i>         |   |
| Қамажай ҚЫДЫРАЛИЕВА.                     | Сөзшең судың қасиеті.....123  |
| Айсұлұ СӘРСЕНБАЕВА.                      | Сөйлеу әрекетінде – қазақша күрес.....127   |
| <i>Ойын – ойдың өрісі</i>                |   |
| Дана ТАСТЫБАЙҚЫЗЫ.                       | Сен білесің бе?.....132   |
| <i>Балғын жырда – салмақты сыр</i>       |   |
| Төрбек ЕРҒАБЫЛ.                          | Мен елімді сүйемін.....143  |

## Мұғалімдерге көмек

Балжан ТОЙКЕНОВА,  
Семей қаласындағы  
№9 орта мектептің  
қазақ тілі мен  
әдебиеті пәнінің мұғалімі.

## ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН АРТТЫРУ

Ойынның педагогикада, оқыту үрдісінде алатын орыны Платон заманынан белгілі болған XVIII ғасырдың өзінде-ақ Ж.Ж.Руссо мен И.Г.Песталоцци ойын арқылы балаларды болашақ өмірге бейімдеу керек деп түсіндірген. [1]

Ойынның сабақ барысында басты мақсаты – білім беруді ойынмен ұштастыру. Баланың ойынға белсенді түрде қатысуы оның ұжымдағы басқа да әрекеттерін айқындайды. Ойын бір қарағанда қарапайым құбылыс не әрекет сияқты болғанымен, ол - ұжымдық әрекет.

Ойын арқылы оқушының:

Қисынды ой-қабілеті дамиды;

Өздігінен жұмыс істеуге үйренеді;

Сөздік қоры байиды, тілі дамиды;  
Зейіні қалыптасады;  
Байқампаздығы артады;  
Өзара сыйластыққа үйретеді;  
Ойынның ережесін бұзбау, яғни, тәртіптілікке  
баулиды;  
Бір-біріне деген сенімі артады;  
Сабаққа қызығушылығы артады.

Педагогикалық үрдісті жетілдіруде ойынның алар орынын қазақстандық ғалым Н.Құлжанова да [2] зерттеген. Ойын бала үшін еліктеу, инстинг, күнделікті негізгі әрекет және оның жеке өмірі,- деп дәлелдеген. Н.Құлжанованың айтуы бойынша, ойынды әдептілік, тәрбиелік мақсатта пайдалану – баланың болашақ өміріне түзу жол салу. Үлкендерге еліктеуі және өмірдің талаптарына сай бейімделуі – басты педагогикалық мақсаттар. Ғалым «Бала ойында ғана тынығып», «жұмыс жасап», өсіп жетіледі. Оның ойлау қабілеті жетіліп, қарым-қатынас жасау мүмкіндігі артатынын атап көрсеткен.

«Ойын – бала үшін өмірлік тәжірибе», -деп М.Жұмабаев атап көрсетсе, «Ойын – баланың рухани дамуының негізі», - деп Л.С.Выготский, Д.Б.Эльконин өз еңбектерінде атап көрсеткен. [3,4]

Ойын балалар үшін күрделі әрекет бола алады. Балалар білімді ойын арқылы қабылдап, үлкендерден үйренеді. Сондықтан сабақтағы ойын оқушы білімін шыңдап, ой-өрісін кеңейте алады, білім алуға қызығушылығын арттырады. Ойын арқылы бала көптеген мәліметтер алады, психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Баланың жас ерекшелігіне, сабақтың мақсатына сай ұжымдастырылған ойындардың берері мол.

12 жылдық білім беру бойынша мемлекеттік стандарт жобасында оқытудың ойын технологиясына үлкен мән берілген. «Пәндік, пәнаралық сипаттағы дидактикалық және сюжеттік, рөлдік ойындар білім алушыға өзін танытуға, жолдастарының пікірімен санасуға, көпшілік алдында сөйлеу қабілетін үйренуге, жан-жақты білімін көрсетуге мүмкіндік береді. Рөлдік, сюжеттік ойындардың көмегімен білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыратын оқу міндеттерін шешуге болады. Ойын қарапайым тілдік жағдаяттарда білім алушыларды қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелейді» деп атап көрсетілген. [5]

Сондай-ақ 12 жылдың білім беруде ұлттық ойындарға және шынайы өмірлік әрекетпен ойналатын ойындарға мән беріледі.

Ойын арқылы оқушының білімі мен бейімін, жеке тұлғалық қасиет-қабілеттерін арттыру мүмкіндіктері зерттелген. Ойындардың қажеттілігін іріктеп ала білу – ұстаз шеберлігіне байланысты. Оқушының тілін дамытуда сөздік ойындарын қолдану тиімдірек. Сондай ойындардың бірі – «Керекті сөзді тауып айт». Ойынның мақсаты – қажетті сөздерді дұрыс тауып айтуға жаттықтыру, оқушы зейінін қалыптастыру. Мұғалім сол сабаққа қатысты жалпылама сөзді атайды, оқушылар қажетті сөздерді атайды немесе жазады. Бұл ойын оқушыларды талдау жасауға да үйретеді. Мысалы: тіл дамыту сабағында «Заттың атаулары» деген сөз аталса, оқушылар, бірнеше сөздер айтады және сұрақтар қояды.

Жауаптарды жазады. Сондай-ақ оқушы зейінін қалыптастыруда «Кім тез, шапшаң?» ойынын өткізуге болады. Бұл ойынды барлық сабақтарда қолдануға болады.

Сабақ барысында оқушылардың қызығушылығын, зейінін, тілін дамыту үшін грамматикалық ойындардың орыны ерекше. Сабақта тиімді қолданылған ойын оқушылардың грамматиканы толық меңгеріп, сауатты жазу дағдысына мол мүмкіндік береді. Оқушыларды өз беттерімен жұмыс істеуге дағдыландырады, ізденімпаздыққа баулиды. Грамматикалық ойындардың ерекшеліктері де бар. Бұл ойын әр түрлі жағдаяттар арқылы

жүзеге асады. Ойын сабақтың әр бөлігінде, әр мақсатта жекеленіп, дараланып қолданылады. Жаңа тақырыпты түсіндіруде, өткенді қайталауда, пысықтау сабақтарында пайдаланылады. Мұғалім ойындарды қолдану үшін жете дайындық жасап, қажетті жабдықтармен қамтамасыз етеді. Олар: грамматикалық лото, грамматикалық тренинг, грамматикалық гимнастика, т.б.

Сабақ барысында оқушының тілін дамытатындай, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыратындай ойындарды қолданамын. Олар: «Кім тез?», «Қуаласпақ», «Құсбегі», «Кедергіден өту», «Кім болам?», «Асауды ұстау», «Аударыспақ», «Вагондарды құрау», «Қай әріп жоғалды?», «Лоторея ұту», «Жасырынбақ», «Атын айт», «Түсін таны», т.б. ойындар

Әр ойын сабақ мақсатына сай қолданыс табады.

«Синтаксистік касса» ойыны. Кәртiшкеде бірнеше суреттер көрсетiледi (адам, құс, т.б.) берiледi және қойылатын сұрақтар кәртiшкесi жасалады. Суреттiң үстiне сұрақтары айтылып қойылады.

«Сөйлем қуаласпақ» ойыны. Интерактивтi тақтадан мазмұнды суреттер көрсетiледi. Топта сөйлемдер арқылы мәтiн түрлерi немесе хат, эссе, ой-толғау, хабарландыру, жарнама құрастырылады (ауызша).

«Кедергіден өту» ойыны. Интерактивті тақтадан «кедергілер» көрсетіледі. Әр кедергінің өз тапсырмасы тақтадан көрінеді. Тапсырмалар топқа беріледі. Осылайша ойын соңында кедергілерден өтіп, мәреге жеткен топ жеңіске жетеді.

«Вагон құрау» ойыны. Әр топқа бірнеше вагондар беріледі. Әр балаға – 1 вагоннан. Вагонның артындағы тапсырманы орындаған оқушы вагонды ретімен тақтаға келіп іледі. Қай топтың вагондары алдымен құралса, сол топ жеңіске жетеді.

«Атын айт» ойыны. Интерактивті тақтада бір-бірімен араласқан бірнеше суреттер тұрады. Оқушылар кезекпен шығып суреттерді «белгісі» арқылы топтап, себебін түсіндіреді.

Сабактан тыс уақытта қимыл-әрекет ойындарына көңіл бөлінеді. «Туған күні», «Ақ терек, көк терек», «Ақ тоқаш», «Айға ұшу», «Кім болам?» сияқты ойындар ойналады. Қимылдары дамуымен қатар, ойын барысында өлең, тақпақ жаттайды, мысалы:

Бүгін Анардың туған күніне  
Ақ тоқаш пісірдік,  
Үлкендігі мынадай,  
Кішкентайлығы осындай.

Ақ тоқаш-ау, ақ тоқаш,  
Біреуді сайлап, өзің қаш.

Сонымен қатар 12 жылдық білім беру және оқушы құзыреттіліктерін дамытатындай рөлдік, сюжеттік ойындарға үлкен мән беремін. Оқушылар алдына түрлі өмірлік жағдаяттар беріліп, оқушылар ойнай отырып, сол туындаған мәселені шешуге дағдыланады. Ойын үстінде бала сұранысы мен мұғалім тапсырмасы өзара ұштасады. Мысалы: «Біздің үйіміз» ойыны. Топ өздері тұрғысы келетін үйдің сұлбасын сызады немесе суретін салады. Одан кейін осы үйді салу үшін материалдарды анықтап алады. Осылайша ойын өмірмен байланыста болып, оқушы құзыреттілігін дамытуға септігін тигізеді.

Сонымен, ойын келесі маңызды міндеттер: баланың қоғамдық қатынастарға бейімделуі, жалпы адамзаттық мәдени құндылықтар мен әр түрлі ұлт өкілдерінің мәдениеттерін меңгеруі: баланың шынайы адамгершілік коммуникацияға енуіне мүмкіндік беретін коммуникативті іс-әрекеттердің көрініс табуы жүзеге асырылады. Баланың әр қырынан көрінуіне интеллектуалдық, шығармашылық, коммуникативтік жағынан және әр түрлі қиындықтарды жеңуге жағдай жасайды деп ойлаймын.

Гүлнар ҚҰРАҚОВА,  
Семей қаласындағы  
№10 жалпы орта білім  
беретін мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

Жалпы, ұстаздық – ол үлкен шеберлік пен төзімділікті талап ететін мамандық, ұстаз ол – жан-жақты, сегіз қырлы-бір сырлы адам. Сондай мамандықтың қыр-сырын меңгеріп, болашақ жастарды тәрбиелеп жүргеніме мен өте қуаныштымын. Өз тәжірибемде жиі қолданып жүрген түрлі ойын технологияларымды ұсынып отырмын. Бұл ойындар арқылы балаларымның сабаққа деген ынтасы, қызығушылығы, зейіні, сұранысы өсті. Осы дайындаған қысқаша баяндамам да сіздердің тәжірибелеріңізге кішкене болсын көмегін тигізер деген ойдамын.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. А.В.Петров. «Ойын әрекеті арқылы белсенділікке баулу». 2001.
2. Н.Құлжанова. «Бастауыш мектептегі ойын технологиясы арқылы оқыту».
3. М.Жұмабаев. «Ойын технологиясының ерекшеліктері».
4. Л.С.Выготский. «Ойын – баланың рухани дамуының негізі».
5. С.Буланова. Құзыреттілік және ойын технологиясы.

## **ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ТІЛ ДАМУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Қазіргі таңда мемлекеттік тілді оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қалыптастыру – заман талабы. Қазақ тілін жүйелі түрде оқытуда оқу әдістемесін жетілдіру - үлкен мәселе.

Тіл дамыту - қазіргі мектептің оқу үрдісіндегі басты мәселе. Өйткені тілдік қоры жоқ, сөйлей алмайтын оқушы бағдарламадағы тақырыптарды меңгере алмайды. Сондықтан тіл мен сөйлеу үдерісін жіктеу, оқушының дұрыс сөйлеу қабілетін дамыту - мұғалім алдындағы ең басты міндет.

Тіл дамыту дегеніміз – тілдік норманың жетілу, ширау, даму дәрежесі»- деп түсіндіреді тіл ғылымдарының ғалымы М. Балақаев. [2;22 бет] Тілдік норма жетілу үшін оқушының ауызекі сөйлеу

тілін, жазба тілін дамыту керек. Осы мақсатта тіл дамыту оқушыларға еркін тақырып аясында ауызша мәтіндер құрастыруға, өздері оқыған шығармаларын мазмұндап, көркемдеп баяндауға, ертегі, әңгіме құрауға үйретіледі. Сөйлеу арқылы ауызша тіл дамыса, еркін тақырыпқа жазылған мақала, эссе, ойтолғау, әңгіме, мазмұндама, шағын шығарма жазу арқылы жазба тілді дамытуға болады. Әр сыныпта белгілі бір тақырыптар қайта қайталанғанымен оқушылардың жас ерекшелігіне қарай жұмыс көлемі күрделенетіні анық. Осы жұмыстардың ішінде сабақ барысында өте жиі қолданылатыны – мәтінмен жұмыс. Мәтінмен жұмыс істегенде әр түрлі әдіс-тәсілдер қолданылады. Бірақ сол қолданылатын әдіс-тәсілдердің мақсаты оқушыларға айқын болуы керек. Қазақ тілі сабағында жүргізілетін басты жұмыстар – балаларды қазақша сөйлетіп үйрету, сұраққа жауап бергізу, өздерін бір-бірімен сөйлестіру, оқығандарын ауызша айтқызу, өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландыру. Міне, осыған орай оқулықтағы мәтіндер, жаттығулар, өлең, жұмбақтар оқу, ауызша әңгімелеу, тіл дамыту және грамматикалық тұлғаларды меңгертіп, қазақ тілінде дұрыс сөйлеу үшін пайдаланылады және соған лайықтап беріледі. Кітаптағы мәтіндердің күрделілігі сол, мәтіндермен жұмыс істейтін оқушылардың білім деңгейіне сай келуі керек. Осыған байланысты мәтінмен жұмыс істеуді түрлі әдістермен жүргізуге болады:

- интерактивті тақта арқылы;
- мұғалімнің кіріспе әңгімесі;
- мәтінді мұғалімнің оқуы;
- сөздікпен жұмыс жүргізу;
- мәтінді оқушылардың оқуы;
- мәтінді оқығаннан кейінгі қысқаша әңгіме өткізу;
- мәтінді бөліктерге бөле оқу;
- сұрақтарға жауапты мәтіннен тауып оқыту;
- мәтінді рөлге бөліп оқыту;
- мәтінге тақырып қою, оның мәнін түсіндіру.

Жалпы білім беретін мектепте тіл дамыту жұмыстарына көп көңіл аударылады. Бағдарламаларда балалардың жас ерекшелігіне байланысты тәрбиелік мәні бар жаттығу материалдары жинақталып, әр сынып оқушыларының жас ерекшелігіне қарай балалардың жалпы сөйлеу мәдениетін дамытып, олардың ой-өрісін жетілдіру мақсаты көзделінген. Сондай-ақ тіл дамыту жұмысында әр түрлі жаттығулар, шығарма және диктант сияқты жұмыс түрлерін орындау арқылы жұмысты іске асыру міндеттелінген. Қазақ тілі сабақтарындағы тіл дамыту жұмысының негізгі мақсаты – оқушының ауызша және жазбаша ойын дұрыс бере білуге үйрету. Тіл дамыту жұмысы, негізінен, мынадай төрт бағытта жүргізіледі: біріншіден – мәдени, әдеби сөйлей білудің мөлшеріне үйрету, оқушыға мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру.

Екіншіден, лексикалық жұмыстар жүргізу арқылы оқушының сөздік қорын байыту. Тілдің лексика және фразеология бөлімдерінен кеңірек білім беру мақсатқа алынады.

Үшіншіден, жаңа сөздер үйрету, сөйлем құрап үйрету, сөйлемнің құрылысын білдіру арқылы лексиканы меңгерту.

Төртіншіден, оқушының ойын жазбаша дұрыс, сауатты жаза, әрі сөйлей білуге үйрету мақсат етіледі.

Қазақ тілінде тіл дамыту жұмысы мынадай дидактикалық негізді басшылыққа ала жүргізіледі.

Оқушы тіл мен ойлау бір-бірімен байланыста екендігін ұғуы тиіс. Тілсіз ойлаудың болмайтындығы, әрбір ой тіл арқылы ғана көрінетіндігін, яғни, сөйлеуді ойлаудан бөліп алудың мүмкін еместігін түсінеді. Бұл оқушының ойлау әрекетін дамыта отырып, түрлі ой қорытындыларын жасай білу дағдылары қалыптастырылады. Бір нәрсені екінші затпен салыстыру, талдау, жинақтау, қорытындылау, жүйелеу нәтижесінде ой арқылы білім жүйелерін меңгереді. Мұғалім бұл қағидаларды негізге ала отырып, қазақ тілінің бағдарламалық материалдарын әр тақырыпты оқытумен байланысты түрлі тапсырмалар беріп, оны оқушы қалай орындады, одан қандай қорытынды шығарды, ол тапсырманы, жаттығуды орындауда неге сүйенді, қандай ойлау әрекеттерін жасады деген мәселерге көңіл бөлуі керек. Оқушылардың орфографиялық ережелерді

меңгеруін қалыптастырып, дұрыс сөйлей білуге, сауатты, қатесіз жазуға дағды беру - бұл мұғалім алдындағы басты міндет. Сөз тіркесі, сөйлем құрауға үйрету жұмысы оқушы ойын байланыстырып айта білумен бірге, жаза білуге дағды береді. Грамматиканы, синтаксисті жақсы меңгерген оқушы сөз тіркесін, дұрыс біліп, сөйлемді қарастыра алады. Сөз тіркесі, сөйлемді құрату жұмысы да барлық грамматикалық тақырыптарды оқытумен орай іске асырылды. Мысалы, “Синтаксис және пунктуация”, “Сөйлем мүшелері”, “Сөйлемнің тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелері” тақырыптарын оқытумен байланысты өткізсе дұрыс болады. Дайын мәтін ала отырып, оған грамматика – стилистикалық талдау жасауына болады. Оқушылардың назарын сөйлем құрылысына аударып, қалай жасалғанын, қандай стильдік қателер барын немесе қандай ерекшелікпен көрінетіндігін байқатады. Тіл дамыту жұмыстарында мақал-мәтелдер және сөз тіркестерін пайдаланып, сөйлем құраудың да пайдасы зор. Мақал-мәтелдер тіліміздің көркемдік ерекшелігін көрсетеді, оның тәрбиелік мәнін ұғатын дағдыны қалыптастырады.

Мысалы: Тіл туралы, мектеп туралы тақырыптарды өткенде мақалдарды қолданып сөйлем құрау арқылы оқушы білімге, өнерге, жақсы әдетке жақын болады. Тіл дамыту кезінде ұсынылатын мақалдар:



Өнер алды – қызыл тіл.

Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады.

Шебердің қолы – ортақ, шешеннің тілі – ортақ.

Шебер – көптің анасы, шешен – көптің данасы.

Тіл – буынсыз, ой – түпсіз.

Сүйреңдеген қызыл тіл

Сүйгеніңнен айырар;

Я жауынды қайырар.

Шешеннің тілі – шебердің бізі, т.б.

Оқушыларға мынадай жұмыстар орындату тиімді деп ойлаймын: сөз тіркестері арқылы сөйлем құрату, жай сөйлемді жалпылама сөйлемге айналдыру, аяқталмаған сөйлемді аяқтау, диалогты сөйлем құрату, әңгімені аяқтау, белгілі таныс тақырыптар бойынша бір-бірінің жұмысын редакциялату, тағы басқа – осындай жүйелі жүргізілген жұмыстар арқылы оқушы дұрыс сөйлем құрастыруға бейімделеді. Тіл дамыту жұмысында бұл жұмыстың тәрбиелік маңызы көп. Тіл дамыту жұмысында ауызекі сөйлеу мен жазба тілінің бір-бірімен байланыстылық қағидасы да басты орын алады.

Адам бір-бірімен сөйлеу тілі арқылы тікелей қарым-қатынас жасайды. Сөйлеу тілі арқылы адам екінші бір адамның айтқан сөзін естиді, тыңдайды әрі онымен пікір алысып сөйлеседі. Адам осындай сөйлеу барысында тілдің түрлі көркемдік тілдік құралдарын пайдаланады. Мысалы, мақал-мәтел,

теңеу, салыстыру, әсірелеу, сөзге екпін түсіріп айту, ымдау, тағы да басқа әрекеттер арқылы сөйлеу үрдісінде екінші бір адамға ойын жеткізеді. Сондай-ақ ауызекі сөйлеу тілінде адам ойын жай сөйлемдермен айтуға бейім келеді, мысалы, сөйлемнің айқындауыш, оңашаланған мүшелерін, құрамдас сөйлем түрлерін қолдана бермейді.

Тіл дамыту жұмысын грамматика, орфография, пунктуация ережелерін қолдану арқылы және әдебиетпен байланыстыра жүргізу ерекше орын алады. Оқушының ауызша және жазбаша тілін дұрыс дамытуда көркем әдебиетті көп оқудың үлкен мәні бар. Мұғалім қазақ тілі сабақтарында үйретілген ережеге сай түрлі жаттығу жұмыстарын орындатып, тыныс белгілерін дұрыс қоя білдірудің жолдарын көрсетіп, көркем әдебиетті көп оқуға бағыт беріп, оның үлгісін көрсетіп отыруы қажет. Кейде тіл дамытуды екі қатардағы оқушылармен диалог түрінде өткізуге де болады. Айтылуы қиын жаңа сөздерді жеке де, қатарға бөліп те, соңынан бүкіл сынып болып қайталау – шарт.

Менің ойымша, мұғалім қазақ тілі сабақтарында тіл дамыту жұмыстарын шығармашылық мәнде жүргізіп, дұрыс ұйымдастыра білсе, ол оқушының күнделікті өмірдегі құбылысты жан-жақты түсіне білуіне, үйренуіне, білген нәрселерін ауызекі сөздерінде қолдана білуіне жағдай жасайды. Демек, оқушылардың тілін дамыту жұмысы – ол

баланың жалпы ойын дамыту деген сөз. Өйткені, оқушы қай пәнде оқып – үйренсе де, ол өзінің істеген жұмысы, көрген-білгені туралы күнбе-күн сөйлеп, ойын қалыптастырып отырады. Сондықтан сабақтағы ең басты жұмыс – сөйлеу, сөйлеу, тағы да сөйлеу. Сабақта тіл дамытуда мәтінмен жұмыс істеу тиімді әдістердің бірі деп ойлаймыз. Тіл дамыту мәтіндері мына тақырып төңірегінде болады: сынып, мектеп өмірі, оқушы, оқу құралдары, сабақ, үй-іші, отбасы, тамақ, дене мүшелері, табиғат, қала, т.б. Мәтінді оқу, сұраққа жауап беру, мазмұндау, бір жағдаятты орындау – оқушы тілін дамытудың негізгі құралдарының бірі.

Мұғалім болса, оқулықтағы жаттығулардан, дидактикалық материалдар жинағындағы мәтіндерден жұмыс істеудің жолдарын көрсетіп отырады, оқушыға білім алуда көмекші, жол көрсетуші ретінде жұмыс істесе ғана мақсатқа жете алады. Қорыта айтқанда, қазақ тілі сабақтары бойынша жүргізілетін тіл дамыту жұмыстарын жоғарыдағы айтылған қағидаларды ескере отырып ұйымдастыру пайдалы.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Т.М.Артыкова. Педагогические условия формирования учебной языковой среды при обучении государственному языку. А., 2003.-176 с.
2. Т.М.Әбдікәрімова. Бастауыш сыныпта мәтін арқылы ауызша тіл дамыту. А., 1993.

3. Ә.Әбілқажев, Б.Құлмағамбетова. Қазақ тілін оқыту. Метод. нұсқау. 7-сынып. А., 1984.

4. Д.Әлімжанова, Ы.Маманов. Қазақ тілін оқыту методикасы. А., 1965.

5. Р.Әміров. Оқушылардың тілін дамыту үшін істелетін жұмыстар. А.

6. «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде» журналы. 2003, №5; №1, №2, №10, 2010; №2. 2004.

7. М.Балақажев. «Тіл дамыту мәселелері» [2;22 бет].



**Ғалимам ҚАМАЕВА,**  
Алматы қаласындағы  
№34 гимназияның  
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

## **КІТАП КОНФЕНЦИЯСЫ**

*(3-сынып)*

**Мақсаты:** қазақтың халық ертегілерімен таныстыру, оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, оқығандарын талқылау, өз көзқарастарын айту, өзара пікір таластыру.

**Ұйымдастыру кезеңі:** тақырыпты, кітапты таңдау үшін қазақ, орыс тілдерінде кітапханада бар қазақ ертегілерінің кітап көрмесін ұйымдастыру. Кітапханашы оқушылардың кітап таңдауға ықыласын, қызығушылығын арттыру үшін толық таныстырып шығады.

Оқушылар өздеріне ұнаған кітаптарды жаздырып алады. Каникул кезінде оқып шығып, кітап конференциясына қай кітапты таңдайтыны туралы шешім жасауы керектігі ескертіледі.

Каникулдан келген соң кітап конференциясына ұсынылатын кітабы туралы ұсынысын жәшікке салады. Қорытындысы бойынша – Ер Төстік, Алпамыс, Айдай сұлу Айсұлу, Алдар көсе, т.б. кітаптары ұнаған. Соның ішінде «Мақта қыз бен мысық» ертегісін ұсынушылар көп болған. Сондықтан осы ертегі ұсынылды.

Бұл ертегі ұнаған оқушылар арасынан топ құрылды.

1-топ - «Жариялаушылар тобы» конференцияны қолдау жұмыстары, жарнамалау, шақыру, сурет, фото, түсірілімдер, сыныпты әшекейлеу, т.б. жұмыстарын жүргізу.

2-топ - «Зерттеушілер тобы» кітап туралы не айту керек. Қалай қызықты етіп жеткізу керек?, жүргізушілер, сұрақтар, тапсырмаларды даярлау .

3-топ - «Театр тобы». Осы ертегі бойынша көрсетілім қою.

Әр топ өз жұмыстарына жоспар жасап, тапсырмалар алады .

Мысалы: 1-топ – Жарнама жазады. «14 қараша» күні сағат «12-де» «Мақта қыз бен мысық» ертегісі бойынша кітап конференциясы өтеді. Мұндай жарнама ертегі мазмұнына қарай сурет, жазулары көңіл аударарлықтай етіп жазылады.

- Қанша күн қалғанын көрсететін күнтізбе жасау. «Мысықтың өз құйрығын алуына» «3» күн қалды.

- Бірінші күні кеудесіне , арқасына «Ағашты сен суарасың ба?», «Мен тышқанмын – соңғы дәнiмдi беремiн» деген жазу, сурет түрінде іліп алып немесе кейіпкерлер киімін киіп «мен туралы білгің келмей ме?» деп сыныптарға кіріп не үзілісте жүріп шығады.

- Мұғалімдерге, оқушыларға, ата-аналарға шақыру билеттерін (сұрақтарымен), сол кейіпкерлердің ойыншықтарын (мысық, сиыр, тышқан) шақыру ретінде таратады.

- Ертегі туралы қабырға газеттерін шығарады, әзіл-қалжың газеттер, ұран сөздер, т.б. жұмыстар ұйымдастырады.

2-топ – жүргізушілерді тағайындайды. Қандай түрде өткізуге болады, соны талқылайды.

3-топ – көрсетілімге қатысатын оқушыларға көрсетпей жасырын даярлық жүргізеді.

Үш топтың жұмыстарына ата-аналарды да тарту керек. Ол үшін оларға айту, бірге оқып танысу, көмек беру ұсынылады.

Конференцияны өткізу барысы:

Сыныпты бірінші топ даярлаған сурет сөздермен безендіреді.

Ертегі туралы, балалардың өздері қазақ тілінде білетін әндер айтылады.

**Жүргізуші:** - Құрметті оқырмандар, бүгін біз көп сұранысқа ие болған «Мақта қыз бен мысық» ертегісі бойынша кітап конференциямызды бастаймыз. Бұл ертегі бойынша қазақ тілінде пікір айту, талқылау сіздерге көп қиын болмайды деп ойлаймын, себебі сөздер, кейіпкерлер аттарын, өмірде кездесетін ертегідегі сияқты оқиғаларды біз білеміз. Сондықтан бұл конференцияны біз айтыс, талқылау түрінде өткізсек.

Ерте-ерте ертеде Мақта қыз бен мысық дос болыпты. Мақта қыз үй жинап жүріп мейіз тауып алады, мысықты шақырады, мысық келмейді, Мақта қыз өзі жеп қояды. Мысық келіп сұрайды, ол айтпайды. Мысық айранын төгіп тастайды, Мақта қыз құйрығын жұлып алады. Мысық жалынады, Мақта қыз айранын қайтып беруін сұрайды.

Екінші топ оқушылары өздерінің сөздерімен, іс-қимыл шеберліктерімен оқырмандардың қызығушылығын туғызды және өздеріне тартып алды.

Орыс мектебі, бастауыш сыныбы болғандықтан және айтыс, пікір таласы түрінде өткізілетіндіктен қызықтыру, сөйлету, пікірлерін білу мақсатында оқырмандарды өзіне тарту үшін әр түрлі әдістер қолданылды. Мысалы:

- Айранды қайдан алуға болады? Сәл ойланып болған соң.

Екінші топтан бір оқушы «мө» деп шықса, үшінші топтан сиыр киімін киген оқушы шығып жауабын айтуға көмектеседі немесе

- Сиыр не сұрайды деп ойлайсың?

- Ағаштар неге су сұрады?

Ертегі барысында – Ол не сұрауы мүмкін ?

- Сен қалай ойлайсың?

- Мысық қайда, кімге баруы керек?, т.б.

Үндемес ойыны - дауысы арқылы табу.

- Орысша айтады, бұл кімнің сөзі? – қазақша айтып көр.

- Қазақша айтып, дәл солай орысша айтып көрші.

Сонымен, екінші топ оқырмандарды өздеріне тарта отырып, мазмұнын ашады, ал оқушылар қазақша еркін түсініп, жауап беріп, пікірлерін айта алды.

Енді өздері талқылаған ертегіні 3-топ - «Театр» тобы көрсетілім ретінде толықтырды.

Жүргізуші, Мақта қыз, мысық, сиыр, ағаш, қыздар, сатушы, тауық, тышқан өз кейіпкерлерін киімдерімен, әртістік шеберлікпен ойнап шықты.

### **Қорытындылау.**

Мұғалім кітапханашы екеуі бүгінгі кітап конференциясының өтілу барысы, талас тудырған, білмеген, қиналған, өте жақсы жауап берген, белсенді қатысқан оқырмандар туралы айтты.

### **Рефлексия кезеңі.**

Оқырмандар өздеріне ұнаған, ұнамаған жайттары, нені өзіне үлгі тұтатыны, неге жиіркенішті түрде қарайтындығы туралы пікір білдірді. Ертегіні оқымаса да ойлану, айтысу, талдау, көрсетілім арқылы ертегінің ішіне кіріп шыққандай болдық деген ризашылықтарын білдірді.

Мұғалімнің тікелей басшылығы, қолдау, көмегімен өткендіктен келесі кітап конференциясына Алдар көсе, Жиренше, Қожанасырдың бастан кешкен оқиғалары туралы кітаптарға сұраныстың көп түскенін жариялап айтты.

**Анар ШУМБАЛОВА,**  
Батыс Қазақстан облысының  
Орал қаласындағы  
А.С.Макаренко атындағы  
№6 жалпы орта білім  
беретін мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## **СЫН ТҮРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ «КЛАСТЕР» ӘДІСІН ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНУ**

Орыс тілді мектеп оқушыларының оқырмандық қызығушылығын қалыптастыру жолында әр түрлі жаңа тиімді әдістер бар, солардың бірі – «Кластер» әдісін қолдану.

«Кластер» әдісін қазақ әдебиеті пәні сабағында қолдану сабақтың көптеген мақсат-міндеттерін шешуге мүмкіндік жасайды. Көркем шығарманың мағынасын ашып оқуға, оған күрделі әдеби талдау жасауға, сабақ барысында алынған ақпаратқа шығармашылық рефлексия жасауына, сонымен бірге

оқыған шығармадан жаңа эстетикалық сезімдер туындауына жағдай жасалады.

Біз 6-сынып оқушылары арасында Абайдың өмірбаяны мен «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін талдау сабағын өткіздік. Сабақ барысында бірнеше мақсаттар қойылды: Білімділік – Абайдың өмірбаянымен танысу, өлеңін оқу, түсіну, мағынасын ашу. Дамытушылық – оқу, түсіну, салыстыру, ойын жеткізу. Тәрбиелік – Абай поэзиясына үңілу, қазақтың көркем сөзіне қызығушылығын ояту.


**I кезең – Оқушылардың қызығушылықтарын ояту.** Бұл оқушының білетінімен жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Бұл кезең оқушыға ой қозғау, ояту арқылы, ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыруға әсер етеді.

Сабақ сұрақтардан басталады. - Сіздер қандай қазақ ақын-жазушыларын білесіздер? - Олардың қандай шығармаларын оқыдыңдар? Тақтаға Абайдың портреті ілінеді.

- Бұл кім? Абай.

- Абай туралы не білесіз?

Кластер құрастырады. Білгендерін жазады.




**II кезең – Мағынаны ашу.** Бұл кезеңде оқушы жаңа ақпаратпен танысады да, тақырып бойынша жұмыс істейді, түрлі тапсырмалар орындайды.

- **Мәтінмен жұмыс жасайды. Абай туралы мәтін оқиды.**

- Абай туралы қандай жаңа мәлімет білдіңдер?

- **Кластерді жалғастырамыз.**




- Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін оқимыз.

- Өлең кімдер туралы? Жастар туралы.

- Жастар қандай болу керек? **Жақсы, білімді болу керек.**

- **Абай жастарға қандай өсиет қалдырды?**

Кластер жасаймыз. Сөйлемді өлеңнен аламыз.



### III кезең – Ой-толғаныс. Рефлексия.

Күнделікті оқыту үдерісінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарау, баға беру. Ой-толғаныс-сабақты қорытындылау кезеңі. Үйренгенін саралап, салмақтап, оны қандай жағдайда, қалай қолдану керектігін үйренеді. Бүгінгі сабақта сіздер Абайдың қандай шығармасымен таныстыңдар?

- Абайдың өлеңі кімге арналған?
- Жастарға
- Жастардың қандай жақсы қасиеттері болуы керек?
- Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым.
- Қандай жаман қасиеттерінен қашық болу керек?
- Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, мал шашпақ.
- Кластер құрастырамыз.

### Жақсы қасиеттері:

### Жаман қасиеттері:



### Үй тапсырмасы. Өлеңді жаттау. Кестені толтыру

#### Менің ойым

| Жақсы қасиеттер<br>(қазіргі заманда) | Жаман қасиеттер<br>(қазіргі заманда) |
|--------------------------------------|--------------------------------------|
|                                      |                                      |
|                                      |                                      |



Рая БАЙЖАНОВА,  
Алматы қаласындағы  
№5 мектеп-гимназия  
мұғалімі.

## ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ

Оқытудың басты мақсаты – білім беру, оқыту, тәрбиелеу бағыттарын инновациялық

технологиялармен жетілдіру, білім берудің жаңа технологиясын білу; тиімді түрлерін ұтымды пайдалану; педагогикалық және ақпараттық жаңалықтардан хабардар болу. Келешек ұрпақты жан-жақты қалыптастыру, яғни, терең білімді, рухани шығармашылық қабілеті жоғары, сын тұрғысынан ойлай алатын, өз бетімен ізденіп, игерген білімін іс жүзіне асыра алатын тұлға дайындау.

Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға – мұғалім.

Мұғалім қызметіндегі маңызды басымдықтар:

- жекелеген оқушылардың сабақ тақырыбын қабылдау ерекшеліктерін түсінуге ұмтылуы;
- оқушылардың білім-түсініктерін жетілдіру немесе жақсарту мақсатында олармен жұмыс жүргізу қажеттігін ұғынуы;
- кейбір оқушылардың тақырыпты өзіне оңтайлы бірегей тәсілдермен меңгеретіндігін жете түсінуі.

Өзім сабақ беретін сыныптарды топтарға бөліп оқытамын. Топтарды әр түрлі әдістермен бөлемін, мысалы: «Жыл мезгілдері», «Пән аттары», «Гүлдер», «Кинолар» (фантастика, қорқынышты, комедиялар, экшн) Топтың ережелерін оқушылар өздері құрастырады:

- Тыңдай білу;
- Өзара көмек;
- Өзара түсіністік;

- Белсенділік;
- Ойын жеткізу;
- Ұйымшылдық.

Топтағы жұмыс оқу тапсырмаларын орындау үшін механикалық есте сақтау мен қайталауды емес, құрдастардың белсенді қатысып, ақпараттарды өңдеуі және қорытуын талап етеді.

Әр адам ерте ме, кеш пе өз өмірінде «Қандай мамандық иесі боламын?» деген сұраққа жауап іздейді. Мамандық таңдау – өте жауапты іс. Статистика бойынша жылына 25 млн. адам өзінің жұмыс орынын ауыстырады, 12% қайтадан өз орынына оралады. Бұл өз мамандығын дұрыс таңдамағандықты білдіреді.

Инновациялық технологияларды пайдаланғанның нәтижесін, өзгерістерін көру үшін зерттеу жүргіздім. Ол үшін 10 «А» сыныбын таңдадым. Топтың үш оқушысын бақылап отырдым.

«А» оқушы – үздік оқушы.

«Б» оқушы – орташа оқитын оқушы.

«В» оқушы – төмен оқитын оқушы.

Зерттеу барысында ақпаратты жинау әдістерін пайдаландым: «А», «Б», «В» оқушыларды бақылау, бейнетүсірілім, фото, сауалнама, сұхбат, оқушылардың жұмыстары (эссе, тестілер, т.б.).

Сабақты сергітуден бастаймын.



Сабақтың тақырыбын оқушылар өздері табу үшін «10 сұрақ» әдісін пайдаландым. Бұл тапсырма оқушылардың ойлау қабілетін дамытады:

- Жанды ма, жансыз ба?
- Адамдар пайдаланады ма?
- Жыл мезгілдері ме?
- Маған қатысы бар ма?

Оқушылар сабақтың тақырыбын атайды. Ол – «Мамандықты таңдау».

1. Қызығушылықты ояту үшін «Әліпби жолымен» әдісін қолданамын.

I-топ А-дан Л-ға дейін.

II-топ М-дан Я-ға дейінгі мамандықтардың атын жазу.

2. Топтар постер жасап, қорғайды.

1-топ «Адаммен байланысты мамандықтар».

2-топ «Техникамен байланысты мамандықтар».

Мұғалім, дәрігер, заңгер, шаштараз, әртіст, сәнгер – I топ.

Программист, құрылысшы, тракторшы, сәулетші – II топ

3. Мәтінмен жұмыс. Инсерт стратегиясы бойынша оқушыға оқу, тақырыппен танысу барысында «V»- «білемін», «-» -«мен үшін түсініксіз», «+» - «мен үшін жаңа ақпарат», «?» - «мені таң қалдырды» белгілерін қойып отырып оқу тапсырылады. **INSERT-** оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын білдіруге үйрететін ұтымды құрал. Бір

әңгіменің соңына тез жету, оқығанды есте сақтау, мәнін жете түсіну – күрделі жұмыс. Сондықтан да оқушылар арасында оқуға жеңіл-желпі қарау салдарынан түсіне алмау, өмірмен ұштастыра алмау жиі кездеседі. Мағынаны түсінуді жоғарыдағыдай ұйымдастыру – аталған кемшіліктерді болдырмаудың бірден-бір кепілі. Үйретушілер білетіндерін анықтап, білмейтіндерін белгілеп сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білім арасында көпірлер құрастыруға, яғни, байланыстар құруға дағдыландырады.

4. «Сөйлемді аяқта» әдісі. Постер жасау, қорғау. Жақсы маман болу үшін. Флипчартпен жұмыс.

Диплом керек, өз ісінің шебері болу керек, компьютер білу керек, бірнеше тіл білу керек.

- Ойтолғау:

- Мамандық таңдау – қаншалықты адам өмірінде маңызды деп ойлайсыңдар? Тірек сөздер арқылы: өте зор, адамның өмірі, күнделікті істейтін ісі, жақсы көрсе, шаршамайды, рөлі, дамытады, жетістікке жетеді.

- «Дәрігерде» тақырыбын оқыған кезде «Жұпта талқылау» әдісін пайдаландым.

1-топ: Тіс дәрігерінде.

2-топ: Лор дәрігерінде «Мини қойылым» көрсетеді. Оқушылар бұл тапсырманы өте қызығушылықпен орындайды. Диалог құрастырады, тақтаға шығып мини қойылым қояды.

• Синквэйн:

1. Дәрігер.
2. Мейірімді, білімді.
3. Емдейді, шыдайды, көмектеседі.
4. Дәрігер – қиын мамандық.
5. Өмір.

Презентация: «Ең қажет етілетін мамандықтар».

«Шеңбер» стратегиясы. Оқушылар шеңберге тұрады. Тақырып бойынша сұрақтар қояды, мысалы:

- Дәрігер болу үшін қандай пәнді жақсы білу керек?

- Тісті қандай дәрігер емдейді?

- Балаларды қандай дәрігер емдейді?

Зерттеушілік әңгіме. С.Жұмановтың оқулығы. 81-бет. Мәтінді оқып болған соң оқушылар «Бағдаршам» стратегиясын пайдаланып, өзін-өзі бағалайды. Олардың партасында жасыл, сары, қызыл түсті фишкалар. Жасыл фишка – толық түсіндім, сары фишка – жартылай түсіндім, қызыл фишка – ештеме түсінбедім. Жасыл фишкасы бар оқушылар, сары және қызыл фишкасы бар оқушыларға түсіндіреді.

- Зейнептің ойынша, дәрігердің мінезі мейірімді және шыдамды болу керек.

Осы пікірге қосыласындар ма? Өмірден мысал келтіріңдер.

1-топтың әңгімесі (Игорь):

- Дәрігер бір жыл шыдамдылықпен қан ауруымен ауырған туысқан баланы емдеп, жазып шығарды.

2-топтың әңгімесі (Әнель):

- Хирургтер менің атама 5 сағат операция жасады, сондықтан шыдамдылық өте керек.

3-топтың әңгімесі (Сабыржан):

- Балалар дәрігерлеріне мейірімділік пен шыдамдылық өте керек. Менің інім ауырғанда ол ауырған жерін айта алмайды, тек жылай береді.

Зерттеушілік әңгіме барысында оқушылар бір тұжырымға келді.

Соңғы жылдары білім беру ұйымдарында жаңа ақпараттық коммуникациялық технологиялар оқыту үрдісінде қолданыла бастады. Оқыту үрдісінде мектептер компьютерлік техниканы пайдаланудың жүйе мүмкіндіктерін кеңінен қолдануда. Оның ішінде электронды оқулықтар, электронды басылымдар, т.б. бар. Оқушы Web-беттерінде орналастыра алады.

АКТ-ны пайдалану, «Дұрыс-бұрыс стратегиясы».

«Менің болашақ мамандығым» тақырыбына эссе жазу.

Рефлексия: беткескіндер арқылы.

«Кері байланыс» парағы – стикерлерге жазып қалдыру.

Сабақтарымда бақылағанымды кестеге жазып отырдым. Диалогтық оқуды қолдану арқылы ауызша сөйлеудің деңгейі өсті.

- Келесі ақпаратты жинау әдісі – бейнетүсірілім. Сабақтарды бейнетаспаға түсіріп, оқушылардың топтағы жұмысын, жұптағы жұмысын зерттеп, кеңес беріп отырдым. Ауызша сөйлеудің деңгейі:

Зерттеуге дейін:

| Оқушы | Монолог | Диалог | Дискуссия |
|-------|---------|--------|-----------|
| А     | Жақсы   | Жақсы  | Жақсы     |
| Б     | Төмен   | Орташа | Орташа    |
| В     | Төмен   | Төмен  | Төмен     |

Зерттеуден кейін:

| Оқушы | Монолог | Диалог | Дискуссия |
|-------|---------|--------|-----------|
| А     | жақсы   | жақсы  | жақсы     |
| Б     | жақсы   | жақсы  | жақсы     |
| В     | орташа  | жақсы  | орташа    |

Сауалнама жүргізу де көп ақпарат береді.

Зерттеуге дейін, зерттеуден кейін оқушылардан сұхбат алдым. Әйгерім сұрақтарға толық жауап берді. Миша мен Влад орташа жауап берді. Мұғалімнің рөлі өте зор.

- Оқушылардың жұмыстары: эссе, тестілер, жазба жұмыстар - ақпарат жинау әдістерінің бірі. Миша эссе жақсы жазды, Влад тестіні жақсы орындады.

Әр сабақты өткізгеннен соң оқушылардың сауалнамасын, жұмыстарын, тілек жазған стикерлерін оқуға асықтым. Бейнетүсірілімді көріп, сұхбаттарын тыңдап көп жақсы әсер алдым. Сабақта бұрын байқалмай қалған мәселелер бойынша жауаптар іздедім.

Инновациялық технологиялар оқыту арқылы оқушыларға көзқарасым өзгерді. Әр сабақты талдап отырдым. Сабақтан сабаққа оқушылар сенімді жауап беруге үйренді. Топпен жұмыстың арқасында қарым-қатынастары жақсарды. Кейбір оқушыларда көшбасшылық қасиеттер білінді.

Зерттеу барысында бақылағаным:

- жаңа әдістерді жақсы қабылдайды;
- қызығушылық танытады;
- топта жұмыс істейді;
- сенімді жауап береді;
- диалог құрастырады;
- жұппен жұмыс істейді.

Инновациялық технологияларды белсенді түрде енгіздім.

Танымдық саладағы дағдылар белгілі тақырыптағы білім, түсінік пен сыни ойлау тұрғысынан қаралады. Дәстүрлі білім беру осы саладағы, әсіресе, төмен тәртіптегі мақсаттың дағдыларын алға тартуға ұмтылады. Блум таксономиясының мақсаты: танымдық, эмоционалдық және психомоторлы жағынан оқушыларды оқыту.

**Блум таксономиясы:**

- Білу.
- Түсіну.
- Қолдану.
- Талдау.
- Жинақтау.
- Бағалау.
- 

**Талантты және дарынды балаларды оқыту:**

- Талантты және дарынды оқушылардың қалай оқитынының сипаттамасы;
- Логикалық және сараптамалық ойлау;
- Ақпаратты шұғыл өңдейді;
- Ерекше идеялар табады;
- Зияткерлік тапсырмаларды табады;
- Өз бетімен жұмыс істегенді жақсы көреді;
- Сенімді болу.

Заманауи ойлау мұғалім оқушылардың оқу тәжірибесін болжаулы даму кезеңдері аясында шектемеуі керек деп санайды. Оның орынына мұғалім барлық жастағы оқушыларды бай эксперименталдық және әлеуметтік ортамен қамтамасыз етуі тиіс. Оқушылар мұғалімдермен және басқа оқушылармен өзара әрекеттестікте жиі болатын орта олардың жадысына сәйкес оқуды қолдауға мүмкіндік береді. Оқудың танымдық теориясы балаларды оқу үдерісінің белсенді қатысушылары санайды, сонымен қатар оқу мен дамытуға арналған іс-шаралардың негізгі бөлігіне кішкентай балалар бастама жасауға тиісті деп ойлайды. Осы теорияны ұстанатын мектептер сыныпта ерте жастан тиісті жеке орта мен оқу бағдарламаларын құрады. Мұғалімдер мен ересектер балалармен еркін сөйлеседі, ал оқу бағдарламасына балалардың тәжірибесін енгізу арқылы оқу сабақтарына маңыз беріледі.

Жоғарыда көрсетілген инновациялық технология оқушыларды ізденушілікке, өздігінен жұмыс жасауға, шығармашылыққа бастайды. Инновациялық технологиялардың түрлері сан алуан. Сондықтан әр педагог өз оқушыларының білім деңгейіне сай оқыту технологияларын пайдаланады. Ең бастысы - мұғалім білімін әрдайым шырдап отыруы қажет.

**Анар СИДАГАЛИЕВА,**  
Преподаватель Каспийского государственного  
университета технологий и инжиниринга  
имени Ш. Есенова.

## **ЯЗЫКОВЫЕ ОСОБЕННОСТИ ДЕЛОВОЙ УСТНОЙ И ПИСЬМЕННОЙ РЕЧИ**

Наше время – это время активных, предприимчивых деловых людей. Мы живём в эпоху нового информационного общества, и этот факт заставляет нас по-новому смотреть на общение «делового» человека. Манера письма и деловой речи становится более лаконичной. Деловому стилю речи свойственны официальный характер, краткость, целесообразность, стремление к максимальной эффективности. Все эти факторы заставляют составителей деловых документов придерживаться определённых традиций их оформления.

Залог успеха делового человека – умение правильно и адекватно вести себя во время делового общения. Человек, желающий научиться бесконфликтно и продуктивно провести процесс делового общения,

обязан обладать знаниями таких областей, как этика и этикет, чтобы уметь с честью выйти из любых ситуаций деловых переговоров и деловых контактов. Кроме того, он должен уметь управлять процессом, воздействуя на людей таким образом, чтобы не возникло напряжённой или конфликтной ситуации. Для этого существует ряд условий, соблюдение которых позволяет наиболее эффективно вступать в переговоры с людьми, уметь убеждать и достигать тем самым поставленных целей и задач, ради которых начинался процесс беседы. Выбрав цель беседы, нужно уметь убедить партнеров в правильности вашей точки зрения, без давления, не навязывая свою точку зрения. Этапы общения: установление контакта, ориентирование в ситуации общения, обсуждение поставленной задачи, поиск решения поставленной задачи, завершение контакта.

Человек, обладающий риторическими навыками и умениями, чувствует себя уверенно в самых различных ситуациях бытового, социального, делового и профессионального общения. Общение для современного человека – это среда его обитания. Без общения невозможно формирование интеллекта. Овладение искусством общения и слова, культурой устной и письменной речи необходимо для каждого человека независимо от того, каким видом деятельности он занимается. Культурой речи важно владеть всем, кто по роду своей деятельности связан

с людьми, организует и направляет их работу, ведет деловые переговоры, воспитывает, заботиться о здоровье, оказывает людям различные услуги.

Деловое общение, основанное на принципах сотрудничества и взаимопонимания, повышает деловую и творческую активность людей, является важным фактором технологического процесса производства.

*Принципы делового общения заключаются как в знании лексических, грамматических и орфографических норм современного русского языка и правил этикета, так и в умении грамотно использовать слова и словосочетания, характерные для деловой речи.*

Обычно выделяют пять основных функциональных стилей: научный, официально-деловой, публицистический, художественный и разговорно-бытовой, которые в свою очередь распадаются на частные разновидности в зависимости от проявления в речи конкретных задач и ситуации общения, жанр и т.д.

Деловые документы появились на Руси после введения в X в. письменности. Первыми письменными документами, зафиксированными в летописи, являются тексты договоров русских с греками 907, 911, 944 и 971 г.г. *Со временем лексика делового языка всё больше отдаляется от разговорной, живой речи. В неё проникает*

*огромное количество иностранных слов (губерния, акт, апелляция) и терминов. В XIX веке, когда формирование литературного языка в основном завершается, начинают активно формироваться функциональные его разновидности – стили. Документы служебной переписки получили в XIX веке широчайшее распространение и в количественном отношении значительно превосходили другие типы деловых текстов. Они писались на служебных бланках, включали определенный набор реквизитов. В результате реформы делопроизводства (правил оформления документации) возникла необходимость реформы канцелярского стиля, что стало осмысляться как задача государственной важности. В XX веке унификация документов принимает необратимый характер. Были разработаны новые правила ведения служебной документации. В 1918 году введена единая форма бланков делового письма. В 20-е годы XX века началась работа по созданию новых стандартов делового письма, появились трафаретные тексты.*

*Деловая речь – это один из видов связной письменной речи, это нормативная литературная речь, особенности её проявления связаны с официально-деловым стилем.*

В зависимости от области применения деловой речи и стилистического своеобразия соответствующих текстов обычно выделяют **три подстиля**:

1) *дипломатический* (виды документов: международные договоры, соглашения, конвенции, меморандумы, ноты, коммюнике и т.д.; устные формы практически не применяются);

2) *законодательный* (виды документов, как законы, указы, гражданские, уголовные и другие акты государственного значения; основная устная форма – судебная речь);

3) *управленческий* (виды документов: уставы, договоры, приказы, распоряжения, заявления, характеристики, доверенности, расписки и т.д.; устные формы - доклад, выступление, служебный телефонный разговор, устное распоряжение).

Для официально-делового стиля характерна тенденция к сокращению числа значений слов, вплоть до использования узкой терминологии. Поэтому часто в текстах данного стиля даются точные определения применяемых слов и понятий. Недопустимы полисемия (многозначность), метафорическое использование слов, использование просторечной лексики, употребление слов в переносных значениях, синонимы употребляются в незначительной степени (как правило, принадлежат одному стилю: снабжение - поставка - обеспечение; платежеспособность - кредитоспособность; износ - амортизация).

Типичными для делового языка являются сложные слова, образованные от двух и более слов: квартиросъемщик, работодатель, материально-технический, вышеуказанный, нижеуказанный и т.п. Образование таких слов объясняется стремлением делового языка к точности передачи смысла и однозначности толкования, например: пункт назначения, высшее учебное заведение, налоговая декларация, акционерное общество, жилищный кооператив.

*Официально-деловой стиль обслуживает правовую, административную и производственную сферы деятельности*, представляет собой общественную коммуникацию. *Он используется при написании документов, деловых бумаг и официальных писем в государственных учреждениях, суде, а также в разных видах делового письменного и устного общения. Для официально-делового стиля характерны следующие черты: официальность, языковой стандарт, сухость, точность, стандартность, детальность изложения, однозначность, отсутствие эмоционально окрашенных слов, объективность, логичность, сжатость. Эти черты находят своё выражение в отборе языковых средств (лексических, морфологических, синтаксических) и в оформлении деловых документов. В официальных бумагах набор используемых языковых средств заранее задан.*

***Самая яркая черта этого стиля – это языковые штампы (клише).***

Лексический состав текстов официально-делового стиля имеет свои особенности. Прежде всего, в этих текстах используются слова и словосочетания литературного языка, которые имеют ярко выраженную функционально-стилистическую окраску, например: истец, ответчик, протокол, должностная инструкция, заключение под стражу, пассажироперевозки, поставка, удостоверение личности, научный сотрудник и др. (среди них значительное количество профессиональных терминов). Многие глаголы содержат тему предписания или долженствования: запретить, разрешить, постановить, обязать, назначить и т.д. Следует заметить, что в официально-деловой речи наблюдается самый высокий процент употребления инфинитива среди глагольных форм.

В области морфологии для деловой речи более всего типично преобладание имени над глаголом, высокая продуктивность отглагольных существительных для называния действий (пополнение бюджета, предоставление жилплощади, обслуживание населения, принятие мер) и причастий (изданный, данный, указанный, вышешпоименованный, участвующий). Существительное выступает как «ярлык», подводя данный случай, событие под ряд других — однотипных и потому значимых в

сфере деловых отношений. С этим связана и такая особенность деловой речи, как предпочтение глагольно-именного сказуемого (решить вопрос, принимать участие, принять решение, поручить расследование, оказывать помощь, производить осмотр) глагольному сказуемому (участвовать, решить, рассмотреть, расследовать, помогать, осматривать). Широко используются сложные отыменные предлоги (в части, по линии, на предмет, во избежание, по достижении, по возвращении, по прибытию, во исполнение, во исполнение, по истечении, согласно предписанию, вопреки указанию).

Наиболее велико число синтаксических особенностей деловой речи. Это связано с наличием набора готовых синтаксических конструкций, представляющих собой отработанные конструктивные средства для выражения стандартных элементов смысла, т. е. блоков и схем с определенным семантическим содержанием. В результате можно грамматическую характеристику «процесса составления стандартного письма свести к выбору синтаксических конструкций», передающих типовые действия и обстоятельства рассматриваемого дела. Соответственно выделяется ряд моделей синтаксических конструкций и вариантов их реализации, например: Доводим до Вашего сведения или Напоминаем, что..., Просим



+ инфинитив; Направляем или Гарантируем + дополнение в винительном падеже и т. п.

2. Күйші поэмасы бойынша, сурет сала алатын оқушыларға домбырашы жас жігіттің күйзелісін бояулар арқылы көрсетіңдер.

3. Қазақстан Республиканың қандай күйшілерін білесің? Күй деген не?

Күнбала СЫҒАЕВА,  
Алматы қаласындағы  
Ораз Жандосов атындағы  
№105 гимназияның  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## ҚОРҚЫТ АТА

(6-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** Қорқыт атаның өмірін жан-жақты түсіндіру, меңгерту.

**Міндеттері: білімділік** - меңгерту, түсінгенін өз сөзімен айтуға үйрету; **дамытушылық** - оқушының сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорын молайту, сөйлемді дұрыс құруға баулу, дағдыландыру; **тәрбиелік** - Отанға, елге, Қазақстан Республикасының өнер, қоғам қайраткерлеріне, батырларына құрмет сезімін оята отыра, Қазақстандық отаншылдыққа тәрбиелеу. Қазақ әдебиеті пәніне қызығушылығын арттыру.

**Түрі:** жаңа.

**Әдіс-тәсілдері:** айтылым, тыңдалым, жазылым, тілдесім, сұрақ - жауап, т.б.

**Көрнекілігі:** интерактивті тақта, слайдтар, альбомдар, ұнтаспа.

**Сабақтың барысы:**

**I. Ұйымдастыру кезеңі.**

**II. Үй тапсырмасын сұрау.**

**III. Сабақтың мақсаты мен міндеттерін айту.**

**3. Жаңа сабақ. Ой шақыру:**

Қорқыт ата туралы не білесіңдер?

Қорқыт ата туралы қандай аңызды естідіңдер?

Ол кім?

Қай ғасырда өмір сүрген?

Қандай аспапта ойнаған?

Интерактивті тақта арқылы Қорқыт атаның туған өлкесі, өмір сүрген жылдары, ол туралы аңыздық слайдтарды көрсету. Ұнтаспадан Қорқыттың күйін тыңдату.

Қорқыт ата туралы аңыз-әңгімелер, дастандар, ертегілер бар.

Мысалы: «Қорқыттың өлімге қарсы тұруы», «Қорқыттың өлімі», «Қорқыттың күйі», «Қорқыт сарыны», «Қорқыт және қырық қыз».

**Жаңа сөздермен жұмыс.**



Мазар - надгробный памятник, могила;  
өкінішке орай – к сожалению;  
шайып кету - смыть;  
құлан - кулан;  
толғату - испытывать родовые схватки;  
ажал - смерть;  
үрей - страх;  
түнек - тьма;  
жырау - певец, сказитель;  
аңғар - долина;  
уәзір - визир.  
Оқылым, айтылым, тыңдалым әрекеттері.

1. Тақырып бойынша әңгімелесу.

2. Мәтінмен жұмыс.

Оқулықтағы мәтінді оқып, түсіну  
(мәнерлеп оқу, сұрақтарға жауап беру).

3. Қорқыт ата туралы қосымша мәлімет беру.

Қорқыт ата 95, 195, 400 жыл өмір сүрген деген болжамдар бар. VIII ғасырда Сырдария жағасында өмір сүрген. Күмбезі Қызылорда облысы, Қармақшы ауданында болған. Күмбезі 8 қырлы үлгіде күмбезделініп салынған екен. Бұрыштары оюланып өрнектелген. Мазарға жалауы бар ұзын сырғауыл (ағаштың түрі) қойылған. Өкінішке орай, күмбезді

Сырдың суы шайып кеткен. Қазір ол жерде жаңа күмбез салынған. Шежіре бойынша Қорқыт ерекше болып туылған. Шешесі құланның жаясына жерік болған, әр жылда бір рет толғатып, үш жыл, тоғыз күн көтереді. Толғатқан кезде, найзағай жарқылдап, қатты дауыл тұрған. Жер дүниені түнек басып, ел-жұрттың үрейін ұшырады. Осы кезде дүниеге келген сәби сөйлей бастаған екен дейді...

Жаңа материалды меңгеру дәрежесін тексеру кезеңі.

Міндеті: жаңа материалды оқушының қаншалықты меңгергенін тексеру.

Топтама жасау.

Қорқыт кім?

ақын

жырау

күйші

**Қорқыт**

қобызшы

ұлы сазгер

ойшыл

күй мен қобыздың атасы

ажалды (өлімді) жолатпаушы

Айтылым, тыңдалым, тілдесім әрекеттері. Оқушылар бір-бірлеріне сұрақтар қояды, өз ойларын түсіндіреді.

### **7. Жаңа материалды бекіту кезеңі.**

Міндеті: жаңа материалды ауызекі және жазба тілде қолдана алу біліктілігін қалыптастыру.

Жазылым әрекеттері.

Төмендегі берілген тірек сөздерді пайдалана отырып, Қорқыт ата туралы шағын мәтін құрастырыңдар.

Тірек сөздер: шежіре, қобыз, қобызшы, жыршы, ұлы сазгер, анасы, Сырдария, мәңгілік өмір, жылан, қарындасы, ажал, күмбез, Қызылорда.

### **8. Жаңа сабақты қорытындылау.**

Міндеті: сабақтың тәрбиелік мақсатын ашу; жаңа материал бойынша өз ойларын қорытып айтуға дағдыландыру.

Ой-толғаныс. Сұрақ-жауап арқылы сөйлету. Өз сөздерімен жаңа тақырыпқа байланысты ойларын айтқызу.

- Сонымен, балалар, Қорқыт ата туралы аңыздың қандай тәрбиелік мәні бар?

Қорқыт өмір бойы нені іздеді?

Адам баласы мәңгі өлмеу үшін артына не қалдыру керек? Сендер қалай ойлайсыңдар?

**9. Оқушы білімін бағалау.** Оқушылар бір-бірлерінің жауаптарын өзара бағалайды. Қай оқушының қалай жауап бергені туралы өз ойларын айтады. Мұғалім өз ойы бойынша қосымша сұрақтар қойып, оқушыға қорытынды баға қояды. Әр оқушының бағасын талдай отырып, кімнің не себепті қанша алғанын, қалай алғанын түсіндіреді. Оқушының күдігін сейілтіп, мүмкіндігін айтады.

### **10. Үйге тапсырма.**

Міндеті: оқушыларға үй тапсырмасының мақсатын, мазмұнын, орындау тәсілдерін түсіндіру.

Қорқыт ата туралы қосымша мәліметтерді пайдаланып, әңгімелеу.

### **11. Рефлексия кезеңі.**

Міндеттері: оқушының көңіл-күйін, іс-әрекетін, оқушылар мен мұғалімнің өзара қарым-қатынасына жағдай жасау; оқушылардың өзін-өзі ұстай білуі және ынтымақтастық қағидаларын қамтамасыз ету.

Бүгінгі сабақтан қандай әсер алдыңдар?

Зәуреш НҰРЫМОВА,  
Шымкент қаласындағы  
Ұлықбек атындағы  
№3 жалпы орта  
мектебінің мұғалімі.

## СӨЗДЕРДІҢ БАЙЛАНЫСУ ТҮРЛЕРІН ҚАЙТАЛАУ

### Мақсаты:

- 1) сөздердің байланысу түрлерін қайталау, тиянақтау, алған білімдерін тексеру;
- 2) оқушылардың тілін дамыту, тыңдай білуді және оймен бөлісуді үйрету;
- 3) түрлі тапсырмалар арқылы қазақ тілін үйренудің тұрақты қызығушылығын дамыту, еркін сөйлеу шеберліктерін жетілдіру;
- 4) көктем мерекелерін насихаттай отырып, елін сүйуге, халық дәстүрін сыйлауға, анаға деген шексіз махаббаттарын білдіруге, қадірлеуге тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** сыр сандық, кеспе қағаздары, сызбалар.

**Түрі:** сайыс сабақ.

**Әдіс-түрлері:** топтық жұмыс, сұрақ-жауап, түсіндіру, суретпен жұмыс, талдау, ойын түрлері, шығармашылық тапсырма.

**Пәнаралық байланыс:** әдебиет, музыка.

**Сабақ барысы.**

**Ұйымдастыру кезеңі.**

Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау.

Сайыс кезеңдері мен шарттарымен таныстыру.

**Сайыстың 1-кезеңі – Өзін-өзі таныстыру.**

Сынып 3-топқа бөлінеді, әрбір топта 3 оқушы, қалғандары жанкүйерлер. Топтар өздері және топ аты туралы айтады. Сайыскерлерге қосымша сұрақтар беріледі.

**Сайыстың 2-кезеңі – «Сөз тапқанға қолқа жоқ».**

Шарты: Әрбір топ әріп таңдап алып, қойылған сұрақтарға сол әріптен басталатын сөзбен жауап беруі керек.

**«А» әріпіне байланысты қойылатын сұрақтар:**

- Кеше теледидардан кім сөйледі?
- Наурыз мерекесінде наурыз көжені кім дайындайды?
- 8 наурызда әнді кім айтады?
- Бүгін тамақты кім пісіреді?

- Сөздердің байланысу түрін кім дұрыс тапты?  
Демек, сөздердің қай байланысу түрі қолданылды?

- Қиысу дегеніміз не?  
- Қиысудың сызбасын сызу.

**«Ә» әріпіне байланысты қойылатын сұрақтар:**

- Кімнің ақылын көп тыңдадың?  
- Көктемгі демалыста кімнің үйіне барасың?  
- Бүгінгі сабақта кімнің жауабы ұнады?  
- Кешкі тамаққа ненің етін жедің?  
- Астанада кімнің ескерткіші бар?  
- Сөздердің байланысу түрін кім дұрыс тапты?  
Демек, сөздердің қай байланысу түрі қолданылды?

- Матасу дегеніміз не?  
- Матасудың сызбасын сызу.

**«Б» әріпіне байланысты қойылатын сұрақтар:**

- Жақсылықты неден үйренуге болады?  
- Спорттың қай түрінен жеңімпаз атандың?  
- Мектепке не үшін келесің?  
- Сазгерлерден кімді ұнатасың?  
- Театрға кіммен барасың?  
- Сөздердің байланысу түрін кім дұрыс тапты?  
Демек, сөздердің қай байланысу түрі қолданылды?

- Меңгеру дегеніміз не?  
- Меңгерудің сызбасын сызу.

**Жанкүйерлерге тапсырма:**

Сыр сандықтан кеспе қағазын алып, берілген тапсырмаға жауап берулері керек.

**Тапсырма:** Мақал-мәтелдерден қабысу мен жанасуды тап. 3-топ жанкүйерленіне кеспе қағаздары беріледі.

**Сайыстың 3-кезеңі – Шешуін тап.**

Топ мүшелері кеспе қағаздарын алып, берілген сөз тіркестерін қимылмен көрсетіп, сөздердің байланысу түрін айтады. Топ жанкүйерлері шешулері керек. Берілетін сөз тіркестері: менің добым, гүлді суару, үйдің есігі, терезені ашты, алыс жер, бес кітап, көзбен көру, алтын сағат, мен оқушымын, мен дәрігермін, мен ұшқышпын, мен әншімін, суды төкті, бүгін келді, ойланып келді, әдемі қыз, тәтті алма, мен тамақ жедім, бормен жаздым, автобуска міндім, т.б.

**Сайыстың 4-кезеңі – Дұрысын белгіле.**

Жаттығу жұмысы беріледі. Сөздердің байланысу түрін кестеде қосу белгісімен белгілеулері керек.

**Сайыстың 5-кезеңі – Кім жылдам?**

**Шарты:** Сурет бойынша сөздердің байланысу түрлерін пайдаланып, сөйлем құрастырулары керек. 1 минут уақыт беріледі.

**Сайыстың 6-кезеңі – «Өнерлі өрге жүзер».**

Әр топтың сайыскерлері үйде дайындап келген өнерлерін көрсетеді.

**Сайыстың 7-кезеңі – Шығармашылық тапсырма.**

169-беттегі 268-жаттығу беріледі. 5-7 минут ішінде «Ата-ана» тақырыбына шағын шығарма жазу тапсырылады.

**Бекіту кезеңі.**

Тест. Тақырып бойынша 10 сұрақ беріледі.

**Сабақты қорытындылау.**

**Мұғалім сөзі:**

- Қазылар орнықтырар әділдікті,

Кімдердің жауаптары кәміл шықты.

Білім мен тапқырлықтың сайысында

Жеңіске жетер дейміз нағыз мықты,- дей келе, сайыскерлерімізді бағалау үшін шыққан нәтижеге қарайық. Әділқазылар сайыс қорытындысын айтып, жеңімпаздарды құттықтайды.

**Үйге тапсырма беру:** оқулықтың 170-бетінде берілген сынақ тапсырмаларына дайындалу.

## ТІЛ ҰСТАРТҚАН ҚОРЫҚТАР

**Сабақтың мақсаты:** білімділік - қорықтар туралы білім беру, олардың мақсаттарымен таныстыру; **дамытушылық** - әңгімелеу, мазмұндау қабілеттерін арттыруға ықпал ету, өз бетімен жұмыс істеуге дағдыларын қалыптастыру; **тәрбиелік** - табиғатқа сүйіспеншілік арттыру, жан-жақты дамуына ықпал ету.

**Түрі:** аралас сабақ. **Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, әңгімелеу, жаттығу, ізденіс, өз бетімен жұмыс істеу (алдын ала тапсырмалар, сөздікпен жұмыс), көрнекілік. **Көрнекілігі:** карта, Ақсу-Жабағылы» бейнефильмнен үзінді, атлас.

**Сабақтың барысы:**

**I. Ұйымдастыру кезеңі**

**II. Үй тапсырмасын тексеру.**

**Тіл дамыту:**

- Қорықтар дегеніміз не?
- Қазақстанда неше қорық бар?
- Біздің облысымызда қандай қорық орналасқан?
- Қорықтардың мақсаты қандай?

Тапсырма – ашық тест:

1. Ақсу-Жабағылы қорығы ... жылы салынған.
2. Ол ... орналасқан.
3. Оның атауы екі ... атауынан шыққан.

4. Табиғат-халық ... .
5. Табиғатты ..., ... керек.
6. Баянауыл ұлттық саябағына ... көп келеді.
7. Баянауыл ұлттық саябағы ... облысында орналасқан.

III. Жаңа сабақ:

### 1. Сабақтың мақсат-міндеттерін түсіндіру.

Мұғалімнің кіріспе сөзі:

- Өткен сабақта біз қорықтар туралы әңгіме бастадық. Бүгін әңгімемізді жалғастырамыз, қорықтар туралы білімдерімізді кеңейтеміз, әр қорық туралы толығырақ тоқталамыз.

### 2. Сөздік жұмыс: 234 бет

Қосымша: өз бетімен аудармасын сөздіктен тауып, жазу.

Жекелеген түрлері-отдельные виды.

Сарқылмас қор емес-не неиссякаемый ресурс.

Адам игілігіне-во благо человека.

Қайта қалпына келтіру-восстановление.

Жүзеге асады-осуществляется.

### 3. Мәтін бойынша жұмыс:

- кезек бойынша оқыту;

- мәтіннің мазмұны және орындалған алдын ала тапсырмалардың көмегімен кестені толтыру.

IV. Сабақты бекіту: а/ оқулық мәтінін және атласты пайдаланып, кестені толтырыңыз (топтық жұмыс).

Кестені толтыру (өзін-өзі тексеріс)-кәртішкелерді нұсқа бойынша орындайды.

1-нұсқа-1-5. 2-нұсқа-6-9.

| Қорық атауы       | Салынған жылы | Орналасқан жері | Мақсаты  |
|-------------------|---------------|-----------------|--|
| 1. Алматы.        | 1964          | Іле Алатауы     | Фауна мен флораны сақтау.                          |
| 2. Ақсу-Жабағылы. | 1926          | Талас Алатауы   | Фауна мен флораны сақтау.                          |
| 3. Барса-келмес.  | 1939          | Арал теңізінде  | Құландар мен қарақұйрықтарды сақтау-джейран.       |
| 4. Қорғалжын.     | 1968          | Ақмола облысы   | Дала фаунасы мен су құстарына көңіл бөлінеді.      |
| 5. Наурызым.      | 1934          | Қостанай облысы | Дала фаунасы мен су құстарына көңіл бөлінеді.      |
| 6. Марқакөл.      | 1976          | Оңтүстік Алтай  | Шағала мен сирек кездесетін балық түрлерін сақтау. |
| 7. Үстірт.        | 1984          | Маңғыстау       | Сирек кездесетін аңдарды сақтау.                   |
| 8. Батыс Алтай.   | 1992          | Шығыс Қазақстан | Шағын қайың.                                       |
| 9. Алакөл.        | 1998          | Алматы облысы   | Реликтік шағала.                                   |

ә/ бейнефильмнен үзінді қарап (көруге 4.40 минут уақыт беріледі), кестені толтырыңыз (топтық жұмыс).

| Мекендейтін аңдар                            | Өсімдіктер                  |
|--|-----------------------------|
| таутеке, қарлы барыс-ирбис, арқар, аю, суыр. | эспарцепт, түркістан аршасы |

б/ грамматика: 1-топ зат есімге морфологиялық талдау жасайды. 2-топ сын есімге жасайды.

V. Сабақты қорытындылау: Рефлексия: бүгін сабақта біз қандай білім алдық, қандай жұмыс түрлерін орындадық?

### VI. Бағалау.

VII. Үй тапсырмасы: 1) «қорық» сөзіне Синквейн жазу; 2) «Табиғат» тақырыптық сөздігін қайталау.

**Айгүл МЫРЗАБЕКҚЫЗЫ,**  
**Астана қаласының**  
**№21 орта мектебінің**  
**қазақ тілі мен әдебиеті**  
**пәнінің мұғалімі.**

## СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІНДЕ – МЕНІҢ МЕКТЕБІМ

|                               |  |  |              |
|-------------------------------|--|--|--------------|
| <b>Жалпы мақсаты:</b>         | Оқушылардың тіл байлықтарын, сөйлеу мәдениетін, ауызекі сөйлеу тілін дамыту, іздене білім алуға дағдыландыру.  |  |              |
| <b>Сабақтың түрі:</b>         | Жаңа сабақты меңгерту.   |  |              |
| <b>Тапсырма көздері.</b>      | Жеке жұмыс<br>• Жаңа сөздердің дұрыс аудармасын табу;<br>• Жаңа сөздермен сөйлем құрастыру;  | Топтық жұмыс<br>. топтық жұмыс (диалог).<br>. Постер дайындау;<br>Постерді қорғау;                             |              |
| <b>Күтілетін нәтиже:</b>      | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Сөздік қоры көбейеді;</li> <li>• Топта жұмыс жасай алады;</li> <li>• Мәтін құрай алады;</li> <li>• Сыни тұрғыдан ойлау арқылы өз ойын жеткізеді;</li> </ul> |  |              |
| <b>Керекті жабдықтар:</b>     | Кітап ,интерактивті такта,портрет  |  |              |
| <b>Сабақтың барысы:</b>       |  |  |              |
| <b>Сабақтың кезеңдері</b>     | <b>Мұғалімнің іс - әрекеті</b>   | <b>Оқушының іс - әрекеті</b>   | <b>Уақыт</b> |
| <b>Психологиялық дайындық</b> | Оқушылармен амандасу, оқушыларды ортаға шығарып, «Жылы лебізі» тренингін өткізу.   | *Оқушылардың көңіл-күйлері көтеріледі.<br>*Сабаққа деген ынтасы оянады. Мұғалімдеріне жақсы көңіл-күй тілейді. | 2 минут      |

|  |   |   |                        |
|--|---|---|------------------------|
| <b>Тұсаукесер</b>  | <b>1. Ұйымдастыру кезеңі.</b><br>Топқа бөлу.<br>Оқушылар арасынан көшбасшылар сайлап аламыз. Бағалау парағы беріледі.<br><b>2. Үй тапсырмасын сұрау.</b> Оқу құралдары жөнінде тақпақты жатқа айту. | а. Санау арқылы топқа бөлінеді. Көшбасшыларымыз бағалау парағына оқушылардың жауабын тындай отырып баға қояды.  | 2 минут<br><br>5 минут |
| <b>Негізгі бөлім.</b><br>Мұғалім бағыт беріп отырады.<br><b>1. Өздік жұмысы.</b> | <b>3. Миға шабуыл.</b><br>1. Тақтадағы сөздердің қазақшасын тауып, торкөздерді толтырайық.<br><b>Қандай сөз шықты? Мектеп</b>   | Сөздерді аударып, ортадағы сөзді табамыз. Осы сөз арқылы сабағымыздың тақырыбын анықтаймыз. « <b>Менің мектебім</b> » Дәптерімізді ашып бүгінгі күнді және тақырыпты жазамыз. | 3 минут                |
| <b>2. Видео көрсету.</b>   | Топпен жұмыс істердің алдында ұйымшыл болуын қадағалау.   | Мына видеоны көре отырып, топпен жұмыс жүргізудің тиімді екенін түсінеді. Топ басшылары шығып мәтіндерін алады.   | 4 минут                |

|                                       |  |  |         |
|---------------------------------------|--|--|---------|
| <b>3. Топпен жұмыс.</b>               | Әр топқа мәтіндер беріледі. Мұғалім оларға бағыт-бағдар береді.<br><b>I топ Алғырлар.</b><br><b>II топ Тапқырлар.</b><br><b>III топ Білімділер.</b><br>Мәтіндерін дұрыс орындаса, мәтіннің тақырыбы ашылады. | Мәтінді оқиды, аударды, түсінгендерін айтады.<br>ә. Сұраққа жауап береді.<br>б. Топпен жұмыс жасайды.<br><b>Топтар бірін-бірі қолдайды, тілек білдіреді.</b> | 9 минут |
| <b>4. Жеке жұмыс.</b>                 | Әр топтан бір оқушыдан тақтаға келіп жазба жұмысын жүргізеді.  | Мектеп сөзін жіктеу, септеу керек. Оқушы сөзін тәуелдеу керек.   | 6 минут |
| <b>5. Жұппен жұмыс. Қорытындылау.</b> | Әр топтан екі оқушыдан тақтаға шығады.   | *Дайындаған постерлері бойынша ортада жалпы пікір алысады, әр топ өз ойларын айтады.   | 9 минут |
| <b>Үй тапсырмасы.</b>                 | «Болашақта сенің мектебің» қандай болсын деп ойлайсыңдар? Эссе жазып келу  |  | 1 минут |
| <b>Бағалау.</b>                       | Мұғалім қорытынды баға қояды. Формативті бағалау.  | Өзін-өзі бағалайды, топ басшысы бағалайды.   | 2 минут |
| <b>Кері байланыс.</b>                 | Түрлі-түсті қағаздар таратады.   | Қағазға жазып, тақтаға жабыстырады.  | 2 минут |

**Бибігүл ТӨЛЕГЕНОВА,**  
**№1 мектеп-гимназиясының**  
**қазақ тілі мен әдебиеті**  
**пәнінің мұғалімі.**  
Ақмола облысы,  
Бурабай ауданы,  
Щучинск қаласы.

## СӨЙЛЕМ ІШІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТЫНЫС БЕЛГІЛЕР. ҮТІР

(9-сынып)

### Сабақтың мақсаты:

| 1. Білімділік  | 2. Дамытушылық  | 3. Тәрбиелік   |
|--|---|--|
| Оқушылардың үтір қою жөніндегі дағдыларын жетілдіру, өз бетімен жұмыс істеуге дағдыландыру. Сөйлем құрамына кездесетін тыныс белгілерінің қызметі мен қолданылу орыны, үтір тыныс белгісін қоюда ұстанатын негізгі ұстанымдарын оқып-үйренудің жобасын тұтас қабылдауға көмектесу. | Үтір қандай орындарда, не үшін қойылатыны, оны қою үшін тілдік қандай белгілерін білу керек екенін түсіндіру. Проблемалық жағдайлар мен күрделілік деңгейі артқан тапсырмаларды шешу кезінде дербес ойлана алуды дамытуға жағдай жасау. | Мақала арқылы тілге деген сүйіспеншілігін арттыру, сөздерді орынды қолдануға, тиянақтылыққа тәрбиелеу. |

**Түрі:** дәстүрлі сабақ. **Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, талдау, баяндау, түсіндіру, СТО (сыни тұрғыдан ойлау) стратегиясы. **Жабдығы:** слайд, интерактивті тақта, кәртiшкелер.

**Сабақтың барысы.**



## I. Ұйымдастыру кезеңі

1. Оқушыларды түгендеу;

2. Сабакқа дайындықтарын бақылау;

II. Үй тапсырмасын тексеру: қайталау сұрақтары.

III. Жаңа білімді меңгерту кезеңі.

Жаңа сабақ. Сөйлем ішіне қойылатын тыныс белгілері.

### Ой шақыру.

Жаңа тақырып бойынша оқушыларға сұрақ қою.

Сөйлем ішіне қойылатын тыныс белгілерін ата.

Сөйлем ішіне қойылатын тыныс белгілері қандай қызмет атқарады? (ерекшелеуші).

Қыстырма сөйлем дегеніміз не?

Қаратпа сөз дегеніміз не?

Одағай сөз дегеніміз не?

Бірыңғай мүшелер дегеніміз не?

Айқындауыш мүше дегеніміз не?

Төл сөз дегеніміз не?

Слайд бойынша жаңа тақырыпты түсіндіру.

Сөйлем ішіне қойылатын тыныс белгілер ерекшелеуші қызмет атқарады. Үтір қаратпа, қыстырма, одағай, төл сөздер мен бірыңғай және айқындауыш мүшелер қолданылып тұрған сөйлемдерде қойылады.

**1. Үтір (,) Шешендік сөз шешендікке, адамгершілікке тәрбиелейді.**

**2. Қос нүкте (:)** Ел деген мұз сияқты: ақырын ұстасаң, - түсіп кетеді.

**3. Жақша ()** Жақсылық–кісінің табандылығында. (М.Әуезов).

**4. Тырнақша (“”)** Қазыбек биден бір адам “кім жақын, не қымбат, не қиын?” деген үш сұраққа жауап беруін сұрапты.

**5. Сызықша (-)** Ашу – дұшпан, ақыл – дос, ақылыңа ақыл қос.

**6. Нүктелі үтір (;)** Ақылды ісіне сенеді; Ақымақ күшіне сенеді; Әңгүдік түсіне сенеді.

Қазыбек, бір қолың ұрыс бастаса, екінші қолың арашашы болсын.

Ойбай, білсем Құдай ұрсын, - деп Зейнеп те әзілдей жауап берді.

Сен, Еменәлі, бір кезде алды-артына қарамайтын сотқар болып едің.

Әли, менің ойымша, мемлекет отбасынан басталады.

| Бірыңғай сөйлем мүшелерінің арасында қойылады                             | Қаратпа сөздер (сөйлем басында, соңында, ортасында)  | Қыстырма сөздер (сөйлем басында, соңында, ортасында)   | Оңашаланған айқындауыш сөздер   | Одағай сөздер (сөйлем басында, соңында, ортасында) | Құрмалас сөйлемдегі жай сөйлемдердің аражігіне қойылады     |
|---|--|--|---|--|---|
| Менің ғашығым бота көзді, қыр мұрынды, шиі ерін, ақ құба келген аққу қыз. | Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат. Менің сырым, жігіттер, оңай емес. Ендігі кезек сенде, қарағым. | Меніңше, сенің айтқаның дұрыс. Бұларды, әрине осы жерде жасауға болмайды. Өзі осында келген шығар, сірә. | Сен, Қазыбек би, бұл елдің соты. Осы елдің алға ұстары сен, Батыр Баян. | Пай!<br>Пай!<br>Киелі неткен жер!                  | Ел көпсе, жайлау жетімсірейді, құс көпсе, көл жетімсірейді. |

### Бірыңғай мүшелерде қойылатын үтір.

|                                      |   |  |  |
|--------------------------------------|---|--|--|
| Бірыңғай мүше жалғаулықсыз келгенде. | Да, де, әрі, я, яки, не, немесе, әлде, жалғаулық шылаулары бірыңғай мүшеде қайталанып келгенде. | Мен, және жалғаулық шылаулары қайталанбайды. | Да, де, әрі, я, яки, не, немесе, әлде, жалғаулық шылаулары бірыңғай баяндауыштар арасында қайталанбай келсе, шылаудан соң үтір қойылады. |
| Айгүл, Әсел, Әдемiлер келдi.         | Асыл да, Әсел де не үйге кірерлерін, не кері кетерлерін білмей дал болды.                       | Айнұр мен Асыл, Айдын мен Асхат келді.       | Қоңырау соғылды да, сабақ басталды.  |

### Құрмалас сөйлемдерде қойылатын үтір

|   |   |   |  |
|---|---|---|--|
| Да, де, та, те, әрі жалғаулықтары арқылы байланысса, жалғаулықтардан соң үтір қойылады. | Бірақ, дегенмен, сондықтан, өйткені, себебі жалғаулықтары арқылы байланысса, жалғаулықтардан соң үтір қойылады. | Қайталанып келгенде.                            | Жалғаулықсыз ыңғайлас, себеп мәнді салалас құрмаластар арасында. |
| Қайтарар жауабы көкірегінде қайнап тұрса да, Сұлтанмахмұттың үні шықпады.               | Әкесі мен кызы осы жерде бірінші рет кездесті, бірақ бірін-бірі танымады.                                       | Кейде олар балаша шуласа, кейде сабырлы болады. | Дауыс шыққан жаққа қарап едім, қол созым жерде елік тұр.         |

### Жаттығулармен жұмыс:

1. Сөйлемдерге тыныс белгісін қойып шық.

Өсе келе Ердос тап-тақыр жерде өсіппіз ғой деп ойламасын.

Сол кешегі ұстаздары, яғни, біздер соншама ақылды да, білімді де емес екен.

Шіркін, бұрынғының әндері-ай.

Әрбір ән – тұтас тарих.

Соларша қайғырып, соларша сүйе білер ме еді, шіркін?!

2. «Қазақ тілінің мұңы».

Мәтінмен танысу, түсінгенін айту, қазіргі заманмен салыстыру, тыныс белгілерінің қойылу себебін анықтау.

*Мен заманында қандай едім? Мен ақын, шешен, тілмар бабаларыңның бұлбұлдай сайраған тілі едім. Жардай соққан толқындай екпінді едім. Мен наркескендей өткір едім. Енді қандаймын?*

*Кірленіп барамын, былғанып барамын.*

*Жасыдым, мұңалдым.*

*Мен не көрмедім?*

*Маған әкеліп араб пен парсыны қосты. Бертін келе шүлдірлетіп ноғайды, бұлдырлатып орысты араластырды. Бір күндерде мені мүлде жоқ қылғысы келетіндер де бар. Өліде үш бақы болғыр Абайға өкпем жоқ. Тіріде маған ара тұсушілер аз болды. Мен жылы сөзді, алдымен айналып кетейін, осы күнгі Ахмет (Байтұрсынұлы. Ред.) деген кісіден ғана естідім.*

Сабақтың қорытындысы, ой қорыту (рефлексия).

Сұрақ-жауап:

1. Сөйлемнің ішіне қойылатын тыныс белгілерін ата.

2. Үтір қандай жағдайда қойылады?

3. Кәртiшкемен жұмыс:

1. Сөйлемдердi сөйлем мүшесiне талда. Бастауыштарын қаратпа сөзге айналдырып, тиiстi орынға тыныс белгiсiн қой.

2. Қаратпа сөздердi бiрде сөйлемнiң алдына, бiрде ортасына, бiрде аяғына қойып, оларды тыныс белгiлерiмен айырып жазыңдар.

3. Одағай сөздердi тыныс белгiлерiн қойып көшiрiңiздер.

**VI. Үйге тапсырма беру: 159-жаттығу.**

**VI. Бағалау.**



Майра ЕЛКБАЕВА,  
Алматы қаласындағы  
№ 118 мектеп-гимназияның  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУГЕ ҮЙРЕТКЕН ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ

**Мақсаты:** жыл мезгілдері тақырыбына ертегі арқылы түсініктеме беру. **Міндеттері:** білімділік – оқушылардың қабілеттерін арттыру, білімдерін әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы кеңейту, тексеру, бағалау. Өз бетінше жұмыс істеуге ықпал ету, шығармашылық белсендіктерін дамыту, ауызекі сөйлеуге үйрету;

**дамытушылық** – сұрақ-жауап арқылы оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру, жеке, топтық жұмыстар арқылы оқушылардың өзін-өзі көрсете білуіне жағдай туғыза отырып, ойлай-сөйлей білу қабілеттерін арттыру; **тәрбиелік** – табиғаттың мезгілі мен ай аттарын терең ұғынып, табиғатты күтуге, қорғауға тәрбиелеу. **Түрі:** топпен жұмыс. **Әдісі:** өзара жұмыс, іздендіру, мәтін бойынша жұмыс, сөйлесу. **Көрнекілігі:** тақырыпқа байланысты плакаттар, суреттер, кәртiшкелер, эмблемалар, конверт, қорап. **Пәнаралық байланыс:** орыс тілі, дүниетану, ағылшын тілі.

**Сабақтың барысы:**

**1. Ұйымдастыру кезеңі:** Сәлемдесу. Мемлекеттік әнұран. Кезекшімен сұхбат.

Мұғалім: - Бүгін сыныпта кім жоқ?

Оқушының жауабы.

Мұғалім: - Бүгін айдың нешесі?

- Мамырдың он үші.

Мұғалім: - Балалар, дәптерді ашып күн ретін жазамыз.

2. Үй тапсырмасын тексеру. Бағалау.

Мұғалім: - Үйге қандай тапсырма бердім?

- Сөздікті жаттауға, «түстер» деген сөзге фон, талдау жасауға бердіңіз.

Мұғалім: - Ал, енді, балалар, кім айтады?

Бір оқушы сөздікті жатқа айтады.

Екінші оқушы сөзге фонетика талдауын оқиды.

Мұғалім: - Мұқият тыңдаймыз, қателері болса түзейміз.

3. Жаңа сабаққа кіріспе. «Ай аттары» деген плакат ілінеді.

Мұғалім: - Бір жылда неше ай бар?

Оқушы: - Бір жылда 12 ай бар.

Мұғалім: - Ай аттарын хормен оқиық.

Оқушылар хормен оқиды.

Мұғалім: - Бір айда неше апта бар?

Оқушы: - Бір айда 4 апта бар.

Мұғалім: - Бір жылда неше мезгіл бар?

Оқушы: - Бір жылда 4 мезгіл бар.

Мұғалім: - Олар қалай аталады?

Оқушы: - Қыс, жаз, көктем, күз деп аталады.

4. Жаңа сабақтың мақсатымен таныстыру.

М: - Балалар, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы «Жыл мезгілдері» деп аталады.

1. Алғашқы мақсатым басқа ұлт мектептеріндегі оқушыларға қазақ тілін үйрету.

2. Сөздік қорын молайту.

3. Жаңа технологияға байланысты 3 тілді меңгерту, бүгінгі сабақта ағылшын тілі қосылады.

4. Қазақ тіліне деген қызуғышылығын арттыру.

5. Топқа бөлініп, берілген деңгейлік тапсырмаларды орындау.

6. Топ ақ, жасыл, қызыл, сары түстерге бөлінеді, яғни, жыл мезгілдеріне байланысты.

7. Топтың басшыларымен таныстырайын

«Қыс» тобының басшысы - Шахмұрат.

«Көктем» тобының басшысы - Шахнұза.

«Жаз» тобы - Нұрболат.

«Күз» тобы - Алина.

8. Әр топтың дұрыс жауаптарына, конверттерге фишкалар жиналады. Қай топтың фишкалары көп жиналса, сол топ жеңімпаз атанады.

5. Жаңа сабақпен таныстыру. Плакат ілінеді.

Суреттер ілінеді (4 мезгіл).

Суреттер арқылы түсінік беру.

Мұғалім: - Ерте-ерте заманда Мезгіл атты батыр өмір сүріпті. Қыс, Жаз, Күз атты ұлдары және Көктем атты қызы болыпты.

Балалары өте өнерлі болса керек. Қандай өнерлері бар екеніне өзіміз жауап берейік.

Мұғалім: - Балалар, қыстың қандай өнері бар екен?

Оқушы: - Күн суытып, қар жауады, мұз қатады. Балалар аққала жасап, шанамен ойнайды.

Мұғалім: - Көктем өнерін кім айтады?

Оқушы: - Күн жылынып, қар ериді, күн ұзарады, гүлдер өседі, құстар ұшып келеді.

Мұғалім: - Жаздың қандай өнері бар?

Оқушы: - Күн ыстық болады. Балалар көлге түседі. Айнала гүлдерге толы. Ең ыстық айы – шілде.

Мұғалім: - Күздің өнері ше?

Оқушы: - Жапырақтар сары, қызыл, түске айналады. Жапырақтар жерге түседі. Бақшаларда жемістер мен көкөністер піседі.

Мұғалім: - Жақсы, балалар.

Ал енді кәртiшкелер арқылы айдың аттарын тауып, аударып, қалташаларға орналастырайық.

6. Оқулықпен жұмыс:

Мұғалім: - Балалар, 127-беттегі 1-тапсырмаға көңіл аударайық.

Жыл мезгілдері қалай аталады?

Оқушы: - Қыс, жаз, күз, көктем,- деп аталады.

Мұғалім: - Осы 4 мезгілге байланысты топ басшылары қандай өлеңдер біледі?

1. Оқушы: - авторы Талғаров. «Сырғанақ». Қыс тобы.

Отырып ақ шанаға,  
Сырғанадым зуылдап.  
Көзімнен от жана ма?  
Жел ысырады шуылдап.

2. Оқушы: - авторы Жиенбаев. «Көңілді көктем». Көктем тобы.

Көктем қандай көңілді!  
Күміс Жаңбыр төгілді.  
Мөлдір аспан ашылып  
Күн пердесі сөйлейді.

3. Оқушы: - авторы М.Мақатаев. «Жасыл бағым жайнаған».

Жасыл бағым жайнаған,  
Нұр болады айналам.  
Жазда барып орманға  
Жатып алып ойланам.

4. Оқушы: - авторы Әріпов. «Сары алтындай».

Күн суытып далада,  
Жел айтады «өлеңді».  
Жерге үзіліп түседі.  
Сары алтындай жапырақ.

7. Мәтінмен жұмыс. 128-беттегі 2-тапсырманы топ бойынша аударамыз.

8. Сөздікпен жұмыс. Сөздерді қазақ, ағылшын тілдеріне аудару. Алдарында жатқан кәртішке-лерді алып аудару.

1) Зима- 2) Лето- 3) Осень- 4) Весна-

Снег- Солнце- Лист- Дождь-

Лёд- Радуга- Ветер- Птица-

9. Тақтамен жұмыс: 128-беттегі 3-тапсырманы әр топ шығып, 1 сөйлемнен жазып орындайды.

Көктемде күн жылынады. Жерге шөп шығады.

Құстар ұшып келеді. Ағаштың жапырақтары жасыл. Мен көктемді ұнатамын.

10. Сергіту сәті: Қыр-Қыр-қыркүйек,  
Қаз-Қаз-қазанда.  
Қар-қар – қараша,  
Орманда тамаша!

11. Бейнефильмді 1-2 мин. Ғажайып табиғат.

Мұғалім: - Қазір біз бейнематериалды көреміз.

Мұғалім: - Бейнематериалда не туралы?

Оқушы: - Ғажайып табиғатты көрдік.

Оқушы: - Әр мезгіл өзінше әдемі, сырлы. Құстар мен жануарларды көрдік.

Мұғалім: - Кім тапқыр? Ойыны арқалы деңгейлік тапсырмаларды орындандар.

Мұғалім: - 1. «Қыс» тобы сөзжұмбақ шешеді, сұрақтар арқылы. 2. «Көктем» тобы: Ассоциация толтыру. 3. «Жаз» тобы: Конверт.

Мұғалім: - Конвертте тапсырма бар. Жаз мезгілі туралы мақал-мәтел айту.

1. Маусым шығы- Майлы сұлы.

2. Қыстың күні от басы-  
жаздың құдды бақшасы.

3. Жазда өзіңді қинамасаң,

Қыста қазаның да қайнамайды.

4. «Күз» тобы. Кубикте салынған суреттер арқылы сөйлем құрастырады.

1. Күзде жапырақтар түседі.

2. Күзде Алматыда алма піседі.  
 3. Қарлығаштар жылы жаққа ұшады.  
 12. Сабақты қорыту. Мәнерлеп өлең оқу.  
 Әр топ өлеңді жатқа оқиды.
1. «Қыс» тобы. Қыс суреті  
 Күмістен алқа тағынып,  
 Бақтар күлім қағады.  
 Күн нұрына шағылып,  
 Қар жұлдыздай жанады. (С.Мәуленов).
2. «Көктем» тобы.  
 Көктем жыры.  
 Көлде жүзіп аққу, қаз,  
 Орманда бұлбұл сайраған.  
 Көптен күткен көктем кеп,  
 Құлпырып дала жайнаған. (К.Әзірбаев).
3. «Жаз» тобы. Жаз  
 Жаз келді де құлпырды,  
 Қырқаларға гүл тұнды.  
 Жаз көрпені, кісі күт,  
 Қонақ келсе – үйге құт.  
 Жаз әріпті сандарды,  
 Жазу-өнер сындарлы.  
 «Жаз»-да қандай ұғым бар?  
 Ойланыңдар, ұғындар. (М.Қуанышбек).
4. «Күз» тобы. Күз  
 Көк майсалы, көрікті,  
 Алқаптағы көк егін.  
 Бұл күндері киіпті,  
 Сары жібек көйлегін. (Қ.Мүсірепов).
13. Бағалау.  
 14. Үйге: 145-беттегі 4-тапсырма. Сөйлесуді оқу.  
 Сұрақтарға жауап беру.

**Қамажай ҚЫДЫРАЛИЕВА,**  
**О.Жандосов атындағы**  
**орта мектептің**  
**бастауыш сынып мұғалімі.**  
 Алматы облысы,  
 Қарасай ауданы,  
 Жандосов ауылы.

## СӨЗШЕҢ СУДЫҢ ҚАСИЕТІ

**Мақсаты:** 1) оқушыларға су тіршіліктің көзі екенін ұғындыру. Әр түрлі тәжірибелер нәтижесінде судың басты қасиеттерімен және оның шаруашылық маңызымен оқушыларды таныстыру; 2) оқушылардың су туралы білімдерін кеңейту. Ойын, тілін, байқағыштығын, білімқұмарлығын дамыту; 3) судың ластамауға, қорғауға, таза ұстауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

**Әдісі:** түсіндіру, сұрақ-жауап, көрнекілік, тәжірибе. **Түрі:** аралас. **Көрнекілігі:** интербелсенді тақта, суреттер, электронды оқулық,сызбалар, ыдыс, су, сүт, қасық

**Сабақ барысы.**

**II. Үй тапсырмасын қадағалау.**

Тест тапсырмалар арқылы тексеру.

|    |                                   |                                     |
|----|-----------------------------------|-------------------------------------|
| 1. | Ауасыз тіршілік ете алмайтын ағза | адамдар                             |
| 2. | Ауаның қасиеттерін көрсет         | Иіссіз, дәмсіз, сығылады, серпіледі |
| 3. | Ауаны не ластайды?                | Зауыт, автокөлік түтіні             |

|    |                              |              |
|----|------------------------------|--------------|
| 4. | Ауаны тазартудың тиімді жолы | көгалдандыру |
|----|------------------------------|--------------|

- Балалар, адамдарға қажетті заттарда атайықшы?
- Жылу, жарық, тамақ, ауа, су.
- Ендеше, бүгінгі біздің тақырыбымыз - су. Оның қасиетін анықтау.

### III. Жаңа сабақ.

Оқулықпен жұмыс. Оқулықтағы мәтінді 2-3 оқушыға оқыту.

Судың қасиеті . Кейде судың түсін ақ дейді. Солай ма? Оны білу үшін бірнеше тәжірибе жасап көрелік. Электронды оқулықтардағы тәжірибелерді оқушыларға көрсету.

1-тәжірибе. Шыны ыдысқа сүт, екінші шыныға су құйып , екеуін салыстыру. Сүт – ақ, ал су – түссіз. Таза суды аз мөлшерде алсақ түссіз. Ал өзен, көл суларының түсі әр түрлі болады. Оның себебін кейін білеміз. Су – мөлдір. Оны анықтап көрейік.

2-тәжірибе. Екі стаканның біреуіне сүт, біреуіне су құю. Олардың ішін қасық салу. Қайсысындағы қасық анық көрінді. Неге? бұл тәжірибеден судың қандай қасиетін байқадыңдар? Суды иіскеп көр. Иіс жқ. Олай болса, су түссіз, мөлдір, иіссіз.

3-тәжірибе. Кесеге, шыныға, стаканға су құю. Ыдыстардағы судың пішініне назарларын аударту.  
- Су қандай пішінге ие болды? Әрбір құйылған ыдыстың дәл өзіндей емес пе? Олай болса, суда тұрақты пішін болмайды. Ол құйылған ыдыстың пішінін алады екен. Суды кез келген беті тегіс нәрсеге құйып (ол жан-жағына аға бастайды), суды сұйық

екенін түсіндіру. - Аққан су түгел жоқ болып кетті ме? Оның орынында дымқыл сулы із қалды, олай болса су жұғады екен. Бірақ артынша ол да жоқ болады. Кеуіп кетеді. Кез келген затты суға малсаң, ол су-су болады. Жуылған киімді далаға жаяды. Ол біраздан кейін кебеді. Ойланыңдаршы, оның бойындағы су қайда кетеді? Күн көзі жылуынан су бұға айналады. Бу ауаға араласты.

- Жазда шомылып рахаттанған өзеннің қыста қандай пайдасын көресің? Қыста оның үстінен конькимен, шанамен сырғанайсың, бұл мұз қайдан пайда болды? Қысқы суықта қатып, мұзға айналады.

Бақылау күнделігімен жұмыс.

Судың қасиетіне жататындардың астын сыз.

Мөлдір, түссіз, иісі бар, көк түсті, иісі жоқ, пішінді, пішіні жоқ, тұнық, сұйық, отты жанғызады.

Қандай жағдайда:



Табиғаттың су айналымы туралы айтып кету.

1-қатар. Судың бүкіл қасиеттерін (аққыш, жабысқақ, жұққыш, пішінсіз) талда, түсіндір.

2-қатар. Судың түсі жайында берілген тәжірибелерді қорытындыла.

3-қатар. Су-бу-мұз. Осы үшеуін байланыстырып әңгімеле.

Сергіту сәті.

Суретке қарап судың пайдасы жайлы айту.  
Су дегеніміз не? Мына суреттерге қарап қандай ой түйуге болады?

Ішуге жарамды таза су жер бетінде барған сайын азайып бара жатыр.

*Адамдар суды өнеркәсіп қажетіне көп пайдаланып, оны өндіріс қалдығымен ластауда. Ал, біз су құнды байлығымыз екенін ұмытпауымыз керек.* Жер бетіндегі судың таза болуы онда тіршілік ететін адамдарға қатысты.

Судың пайдасы және зияны.

Самаурынның шайы қайнағанда неге азаяды?

5. Сұрақ тапсырмаларды орындау.

Судың бүкіл қасиеттерін (аққыш, жабысқақ, жұққыш, пішінсіз) талда түсіндір.

Судың түсі жайында берілген тәжірибелерді қорытындыла.

Су- бу- мұз. Осы үшеуін байланыстырып әңгімеле.

Күнделікті өмірден судың қасиеті жайында байқағандарыңды айтыңдар.

Самаурындағы шай қайнағанда азайып ортаяды. Неге?

**IV. Қорытынды. Жұмбақты түсініп оқы. Берілген суреттерді жұмбақтардың шешуіне сәйкес ретімен орналастыр.**

– Сабақ сендерге ұнады ма? Несімен ұнады?

– Не білдік? Не үйрендік? т.б.

**V. Бағалау.** Оқушылардың білімін бағалау, мадақтау.

**VI. Үйге тапсырма беру.** 41-44-беттерді оқу. Су туралы тыйым сөздер жазу, жаттау.

Айсұлу СӨРСЕНБАЕВА,  
Қостанай облысының  
Лисаков қаласындағы  
№6 орта мектептің мұғалімі.

## СӨЙЛЕУ ӘРЕКЕТІНДЕ – ҚАЗАҚША КҮРЕС

(4-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** а) білімділік - тақырып төңірегінде оқушылардың білімдерін кеңейту; ә) **дамытушылық** - оқушылардың таным белсенділігін дамыту, оқыту, сұрақтарға жауап беру, сөйлеу әрекетін, көру, есте сақтау қабілетін дамыту; оқушылардың сөздік қорын байыту; б) **тәрбиелік** - қазақ халқының салт-дәстүрлерін құрметтеуге тәрбиелеу.

**Типі:** жаңа сабақ. **Түрі:** RWCT технология арқылы жоспарлаған сабақ. **Сабақта қолданылатын технологиялар:** кілтті сөздер, еркін жазу, түртіп алу, бес жолды өлең. **Көрнекіліктер:** жеке кәртішкелер, компьютер арқылы басылған сөздік сөздер, суреттер. **Сабақтың барысы.**

**1. Ұйымдастыру кезеңі.** Сәлемдесу, отырғызу.

**2. Тіл дамыту кезеңі.**

- Презентация арқылы «Ойлан және тап» ойынын өткізу. Оқушылардың өткен білімдерін бекіту. Оқушылар ойынды бірге ойнайды.

- Берілген тақырып бойынша сұрақ-жауап өткізу. Сұрақтарды бір-біріне қойып, жауап береді.



### 3. Қызықтыру.

Кілтті сөздер: *қазақтың ұлттық ойыны, жарыс, күшті, тәрбиелейді, асыл мұра.*

Кілтті сөздерді қолданып, еркін жазу стратегиясы бойынша шағын шығарма құрастырып, дәптерге жазу.

Оқушылар өз бетінше үш минут бойы еркін жазу жазады.

### 4. Мағынаны ажырату.

**INSERT стратегиясы арқылы мәтінді оқу,** мағынасы түсініксіз сөзді белгілеу.

Оқушылар берілген мәтінді оқиды, мағынасы түсініксіз сөздерді белгілейді.

«Қазақша күрес» мәтіні, 92-бет, 1-жаттығу.

Жаңа сөздер:

*ежелден келе жатқан – пришедший из древности;*

*денесін ширатады – закаляет тело;*

*шапшаңдық – скорость;*

*икемділік – ловкость;*

*төзімділік – терпеливость;*

*палуандар – борцы;*

*жазық жерде – на открытой местности;*

*басты шарты – главное условие;*

*қарсыласты жығу – повалить соперника.*

**Жаңа сөздермен танысу:**

- сөздерді оқу және аудару;

- сөздерді хормен және жеке қайталау;

- жаңа сөздермен жай сөйлемдерді құрастыру.

**Мысалы:**

*Күрес – ежелден келе жатқан ойын.*

*Бұл ойын адамның денесін ширатады.*

*Адамды шапшаңдыққа, икемділікке, төзімділікке тәрбиелейді.*

*Палуандар жазық жерде күреседі.*

*Күрестің басты шарты – қарсыласты жығу.*

**Мәтінді оқу, аудару және әр сөйлем бойынша сұраулы есімдіктер арқылы сұрақтарды құрастыру.**

**Сұрақтар:**

- Қазақша күрес қандай ойын?

- Бұл ойын неге тәрбиелейді?

- Палуандар қайда күреседі?

- Күрестің басты шарты қандай?

Дәптермен жұмыс.

7 ақпан.

Сынып жұмысы.

**Теңге алу** – 2 буын, б.б., а.б.; а.б., а.б.; сөз жіңішке буынды; сөз тасымалданады; екпін соңғы буынға түседі.

**Алтыбақан** – 4 буын, т.б., а.б, а.б., б.б.; сөз жуан буынды; сөз тасымалданады; екпін соңғы буынға түседі.

Берілген сөйлемдерді толықтыру:

а) Палуандар ... жерде күреседі.

ә) Қазақша ... ежелден келе жатқан ойын.

б) Күрестің басты ... – қарсылықты жығу.

Жауаптар:

**а) жазық;**

**а) күрес;**

**б) шарты.**

-Берілген сөздерге морфологиялық талдау жасау:

Жауаптар:

**а) жазық** – не? зат есім.

Т.қ. – туынды.

Қ.қ. – дара.

М.қ. – жалпы, деректі.

**ә) күрес** – не? зат есім.

Т.қ. – негізгі.

Қ.қ. – дара.

М.қ. – жалпы, деректі.

**б) шарты** – не? зат есім.

Т.қ. – негізгі.

Қ.қ. – дара.

М.қ. – жалпы, деректі.

- ы – 3 жақтың тәуелдік жалғауы.

- Берілген суреттер бойынша ұлттық ойындардың атауларын жазып бер.

*Скачки – бәйге;*

*Перетягивание соперника - аударыспақ;*

*Козлодрание – көкпар;*

*Качели – алтыбақан;*

*Догони девушку – қыз қуу;*

*Борьба - күрес.*

- Берілген сөзді тәуелдеу.

1 ж. Менің икемділігім.

2 ж. Сенің икемделігің.

2 ж. Сіздің икемділігіңіз.

3 ж. Оның икемділігі.

Берілген сөзді жіктеу:

1 ж. Мен күресшімін.

2 ж. Сен күресшісің.

2 ж. Сіз күресшісіз.

3 ж. Ол – күресші.

**5. Ой толғанысы.**

*Қазақша күрес* сөзіне бес жолды өлең құрастыруға үйрету.

1. сөз

2. 2 сын есім (қандай?)

3. 3 етістік (не істейді?)

4. 4 сөзден құрылған сөйлем

5. жалпы мағынасын білдіретін сөз

Мысалы:

*Қазақша күрес.*

*Шапшаң, төзімді.*

*Шынығады, тәрбиелейді, күреседі.*

*Ойын адамның денесін ширатады.*

*Палуандар.*

**6. Үй тапсырмасын беру.**

Оқушылар күнделіктерін ашып, үй тапсырмасын жазады – сұхбатты құрастырып жаттау және сөздерді жаттау.

**7. Бағалау.** Белсенді оқушыларды бағалау.

Дана ТАСТЫБАЙҚЫЗЫ,  
Алматы қаласындағы  
№34 гимназияның  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## «СЕН БІЛЕСІҢ БЕ?»

(Интеллектуалдық ойын. 4-сынып)

**Мақсаты мен міндеттері:** 1) **білімділік** - жан-жақты ой-өрісі кең, өз елінің, халқының, қамын ойлайтын азамат болуға баулу; **дамытушылық** - оқушылардың ынтасын, қызығушылығын арттырып, ой-қисынын дамыту; **тәрбиелік** - адамгершілікке, жауапкершілікке баулу. Көрнекілігі: тақырып, пернетақта, магнитті тақта, сыйлықтар.

### Ойын барысы:

**I .Кіріспе сөз:** - Бүгін 4-сыныптардың білімді, алғыр оқушылары сайысқа түсіп, ең білгір оқушысын анықтаймыз.

«Жас жүректе жанған шақ

Талаптың аты арындап.

Әр қиянға салған шақ

Жастықтың оты жалындап», - деп данышпан Абай

келер ұрпаққа терең ой тастаған. Жақсы болсаң, ел азаматы болсаң деген үлкен үміт бала кезден бастау алады да, алға қарай ұласады.

Сайысқа қатысатын оқушыларымызды таныстыру.

- Балалар, сендердің жауаптарыңды әділқазылар бағалайды. Әділқазы мүшелерімен таныстыру.

**I айналым. «Ойлан да, тап».** Шарты: ойын болғандықтан әр топтың атауы болу керек, сондықтан сендер қазір тапқырлықтарыңды, білімдерінді көрсетіңдер, әр топ өз атын табады. Бес ұпай беріледі.

Бірінші – 4А сынып оқушылары. Мен сендерге жұмбақ жасырам, сендер шешесіңдер. Шешуіндегі затты алып, парақтағы сөзді оқисыңдар, сол сөз сендердің топтарыңның аты болады (**Бақыт**).

Жұмбақ.


Алдында бір нәрсе әкеп берсе, тегі,

Оңын сол, солын оң ғып көрсетеді.

(Айна)

**4Б сынып оқушылары.** Алдыларындағы фонетикалық кәртішкелер арқылы сөз табыңдар (**Достық**).

**4В сынып оқушылары.** Сөзжұмбақты шешіңдер.



1. волк
  2. хитрый
  3. лев
  4. заяц
  5. тигр
  6. суслик
- (Қуаныш)

**4Г сынып оқушылары** алдыларындағы текшелер арқылы сөз табады (**Береке**).

### **2-айналым – «Менің Отаным».**

Осы тақырыпқа байланысты негізгі даталар, тарихи орындар туралы білімдерімізді көрсетеміз. Бес ұпай беріледі.

«Бақыт» командасына берілетін сұрақтар:

**1996 жыл**

(ҚР рәміздері мемлекеттік ту, гимн қабылданды).

**1991жыл**

(Қазақстан тәуелсіздігін алды).

Қожа Ахмет Иассауи кесенесі қай қалада?

(Түркістан).

«Достық» командасына берілетін сұрақтар:

**2006 ж.**

(ҚР жаңа әнұраны қабылданды).

**1929-1997 ж.**

(Алматы ҚР астанасы болды).

Әбу Насыр әл Фараби қай қалада туған?

(Отырар).

«Қуаныш» командасына берілетін сұрақтар:

**1920-1925 ж.**

(ҚР бірінші астанасы - Орынбор қаласы).

**1998 ж.**

(жаңа астанасы - Астана қаласы).

Қарахан, Айша бибі кесенелері қай қалада?

(Тараз).

«Береке» командасына берілетін сұрақтар:

**1925-1929 ж.**

(ҚР екінші астанасы - Қызылорда).

**14** (Қазақстанда он төрт облыс бар).

Қазақстанның ең сұлу қаласы, Алатаудың етегінде орналасқан

(Алматы).

**3-айналым. «Музыкалық үзіліс».**

Әуенді тыңдап, қай музыкалық аспап екенін айтып, сол туралы қысқаша мәлімет беріңіздер. Бес ұпай беріледі.

«Бақыт» командасы:

- Жетіген – жасалуы да, ойналу әдіс-тәсілі де өте күрделі аспап. Бұл аспап шыршадан жасалған шағын ғана жәшік, оның түбі ғана бар. Оған ішектер ешбір құлақсыз керілген. Бұл аспапты құлақ күйіне келтіру үшін әрбір ішектің астына кішкене тиек – қойдың асықтары қойылады. Музыкант ішектің ұзын жағын

сол қолымен тартады да, оң қолымен дишкантта ойнайды».

«Достық» командасы:

- Қобыз – қазақ халқының музыкалық аспабы. Ол – сыры мол күрделі аспап. Қобыздың түрлері көп. Оны ағаштан жасайды. Қобыз үні – халықтың қуанышы мен мұңының үні. Аңыз бойынша қобызды Қорқыт ата жасаған.

«Қуаныш» командасы:

- *Сырнай* бірнеше түрлі болады: қамыс сырнай қамыстан, мүйіз сырнай мүйізден жасалады. Мүйіз сырнайды көбіне жорықта пайдаланған.

Саз балшықтан күйдіріліп жасалатын үрмелі аспаптар: *сазсырнай, үскірік, тастауық*. Сырнай - жұдырықтай, іші қуыс құты сияқты, үрлейтін және бірнеше бармақпен басатын тесігі бар аспап.

«Береке» командасы:

- Домбыра – қазақ халқының музыкалық аспабы. Ол - қос ішекті. Домбыра ағаштан жасалады. Домбыраның дауысы майда қоңыр, құлаққа жағымды. Домбырамен ән салып, күй тартады. Күй – домбырада тартылатын музыкалық туынды.

#### **4-айналым: «Не туралы?».**

Бұл жерде сіздер берілген сұрақтарға жауап беріп, жалпы не туралы екенін айтып, суреттерін көрсетіңіздер.

«Бақыт» командасына берілетін сұрақтар:

Зергерлік бұйымдар:

1. Қыз балалар мен әйел адамдар құлағына не тағады?

(сырға).

2. Кім зергерлік бұйым жасайды?

(зергер).

3. Әже қолына не тағады?

(білезік).

4. Саусаққа не тағады?

(сақина).

«Достық» командасына берілетін сұрақтар:

Киіз үй.

1. Киіз үй неше бөлшектен тұрады?

(төрт).

2. Киіз үй неше қанатты болады?

(4, 6, 8, 12).

3. Киіз үйдің негізгі бөлшегі?

(шаңырақ).

4. Әке шаңырағының иесі кім?

(ұл бала).

«Қуаныш» командасына берілетін сұрақтар:

Ұлттық киімдер.

1. Ұлттық киімдер нені көрсетеді?

(ұлттық ерекшіліктерді, халықтың мәдениетін).

2. Ерлердің ұлттық киімдері.....

(шалбар, шапан, жейде, тон).

3. Әйелдердің ұлттық киімдері...

(қамзол, көйлек, көкірекше).

4. Ұлттық баскиімдер: .....

(сәукеле, бөрік, тақия).

«Береке» командасына берілетін сұрақтар:

Той.

1. Шілдеhana тойын қашан жасайды?

(Сәби дүниеге келгенде).

2. Тұсау кесу тойы қашан болады?

(Сәби жүре бастағанда).

3. Тілашар тойы қашан болады?

(Бала мектепке барғанда).

4. Шашу қандай ырым?

(Қуанышты білдіретін ырым).

**5-айналым – «Капитандар сайысы».**

Әр капитанға сұрақтар қойылады, бір минуттың ішінде көбірек, дұрыс жауап беру керек. Тез, жылдам, нақты жауап беру – басты шарт. Әр дұрыс жауапқа

– 1 ұпай.

1. Сенің атың кім?

2. Сен қайда оқисың?

(мектепте).

3. Сен нешінші сыныпта оқисың?

(төртінші).

4. «Ұстаз» деген сөздің синонимы қандай?

(мұғалім).

5. Дәптерге немен жазасың?

(қаламмен).

6. Қазақстанның рәміздері?

(Ту, әнұран, елтаңба).

7. ҚР мемлекеттік тілі....

(қазақ тілі).

8. ҚР бас қаласы...

(Астана).

9. Қазақстан қандай мемлекет?

(тәуелсіз).

10. ҚР Президенті кім?

(Н.Назарбаев).

11. Экспонаттар қайда тұр?

(мұражайда).

12. Сен қай қалада тұрасың?

(Алматыда).

13. Неше жыл мезгілі бар?

(төрт).

14. Бір жылда неше ай бар?

(он екі).

15. 22 наурыз қандай мереке?

(Наурыз).

16. Тойда үлкен кісілер не береді?

(бата).

17. Наурыз мерекесі қай жыл мезгілінде болады?

(көктемде).

18. Наурыз мерекесіндегі дастарқанның басты тағамы...

(наурыз көже).

19. Қазақ тілінде неше әріп бар?

(қырық екі).

20. Бір аптада неше күн бар?

(жеті).

21. Қазақстан туында қандай құс бейнеленген?

(қыран).

22. Алтын сақина неден жасалған?

(алтыннан).

23. ҚР бас қаласы...

(Астана).

24. Сен қай гимназияда оқисың?

(34).

25. Сен қай мемлекетте тұрасың?

(ҚР).

**6-айналым – «Ойнайық...».**

Тақтаға назар аударыңыздар, бейнеклипті көріп, сіздер ойынның атауын атап, осы ойын туралы қысқаша мәлімет беріңіздер. Дұрыс жауап үшін бес ұпай беріледі.

**«Бақыт» командасы. Қыз қуу (дәстүр, ойын).**

«Қыз қуу» дәстүрге де, ойынға да жататын, қазақ арасына кең тараған көңілді көрініс. Оның шарты – қыз атпен қашады, жігіт оны қуып жетсе бетінен сүйеді де, кейін қашады. Енді қыз қуып жетсе, оны

қамшының астына алады. Бұл қызықты дәстүр әлі де жалғасып келе жатыр.

**«Достық» командасы. «Арқан тартыс» ойыны.**

Ойынды жазда көгалды алаңда, спорт залында өткізуге болады. Ойынға ұзындығы 10 метрдей жуан кендір арқан керек. Ол арқанның тең ортасынан орамалмен орап белгі жасайды, белгінің екі жағынан бір жарым-екі метрдей жерден тағы да жоғарыдағы тәртіппен белгілейді. Ойынға қатынасушылар тең екі топқа бөлінеді. Олардың саны 10-12 адам болуы мүмкін, ойыншылар бойларына қарай қатар түзеп тұрады.

Ойын басқарушының берген командасы бойынша қатар түзеп сапта тұрған ойыншылар оң жақ шетінен бастап қатар санын «бір, екі, үш»... деп сол жақ шетіне дейін санап шығады. Сөйтіп тақ жағы бір бөлек, жұп жағы бір бөлек бөлініп шығады.

**«Қуаныш» командасы. «Хан талапай» ойыны.**

Асықпен ойналатын ойынның тағы бір түрі — «Хан талапай». Ойынды үлкендердің басшылығымен жас балалар ойнайды. Ойынға қатынасушы балалардың санына шек қойылмайды. Олар ойын жүргізушінің айналасына жарты шеңбер құрып отырысады. Ойын жүргізуші қолындағы асықты «хан талапай» деп ортаға қарай шашып жібереді. Отырғандар тез-тез жиып алулары керек. Кім аз жиып алса, сол жеңілген болып есептеледі. Ойынның мақсаты — балалардың

жылдамдығын жеделдету, нерв жүйелерін шыңдау, тілін дамытып, ойда сақтау қабілеттерін жетілдіру.

### **«Береке» командасы. «Аударыспақ».**

Ол – қазақ, қырғыз халықтарының арасында кең тараған ойын. Атқа мінген екі жігіт жекпе-жекке шығып, бірін-бірі аттан аударып тастауға тырысады. Аударыспаққа үлкен тойларда арнайы жүлде тағайындалады. Оған он сегіз жастан асқан қарулы жігіттердің қатысқаны жөн. Аударыспақ ойынының ережесі бойынша сайысқа қатысушылар салмақтарына қарай үш топқа бөлініп, күш сынасады. Ептілікті, күштілікті, тапқырлықты, батылдықты талап ететін спорттық ойын.

### **7-айналым – «Тапқырлар».**

«Білгірлер» сөзден әріптерді теріп ал, сөз құрастырыңдар. Әр дұрыс құрастырылған сөз – бір ұпай.

Мысалы: бір, ер.

### **Қорытындылау.**

Әділқазылар ұпай санын анықтап жеңімпазды белгілесін.

«Білекті бірді,

Білімді мыңды жығады», - дей отырып, сайысымызды аяқтаймыз.

### **Марапаттау.**

## Балғын жырда – салмақты сыр

**Төрбек ЕРҒАБЫЛ,**  
**Ақтөбе облысының**  
**Махамбет ауданындағы**  
**«Таңды» орта мектебінің оқушысы.**

## **МЕН ЕЛІМДІ СҮЙЕМІН!**

Әр халықтың өзінің бар киесі,  
Өзі болар киелі тіл иесі.  
Бар болмысы тарихынан көрінер,  
Сөйлегенде келісіп сөз жүйесі.

Мен сүйемін өз тілімді анамдай,  
Айтарыма жатам теңеу таба алмай.  
Жүрегіммен, жан тәніммен тілеймін,  
Қазақ тілім, жетіле бер жоғалмай!

Мен өмірді сеніменен бастадым,  
Туған жерім – алғаш көрген асқарым.  
Ну тоғайы, қарлы шыңы – бәрі де –  
Шабыт берер сезімге бай дастаным!

Мен сүйемін қазақ жерін кең шалқар,  
Менмін деймін болашаққа бір жалғар.  
Саған ғана, саған ғана оралам,  
Болсам егер мен жаһанға жол тартар...



**Бас редакторы - Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.**

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –  
Казахский язык и литература в русской школе” –**  
ай сайын шығатын республикалық  
ғылыми-педагогикалық журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы:**

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Жауапты редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.  
Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларын-  
дағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат  
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат  
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек  
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке  
қою туралы №1402-Ж Куәлігі берілген.

Басауға 02.09.2014 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 966. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

**Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,**

**Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.**

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: **Kazulagat@mail.ru**

Басылатын жері – ЖК Асубаев С.Ш.

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ  
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -  
Казахский язык и литература в русской школе»,  
№9, 2014 ж., 144 бет, Алматы.